

ТОЙБАЗАРОВ ДАРХАН БОЛАТОВИЧ

**Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда қолданбалы есептерді
пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері**

6D010900 - «Математика»

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
Диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
С.М.Сеитова

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
М.Тажиев

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ	6
1 МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Математика пәнін оқыту барысында қолданбалы бағытты іске асырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	15
1.2 Математиканы оқыту процесіндегі есептің рөлі.....	28
1.3 Болашақ математика мұғалімдерін оқытудың қолданбалы есептерін пайдалануға дайындау мәселелері.....	46
Бірінші бөлім бойынша қорытынды	62
2 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	64
2.1 Қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдеу	64
2.2 Математика мұғалімдерін кәсіптік даярлаудағы қолданбалы есептер жүйесіне қойылатын әдістемелік талаптар.....	77
2.3 Организация, проведение и результаты педагогического эксперимента.....	102
Екінші бөлім бойынша қорытынды	115
ҚОРЫТЫНДЫ	117
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	119
ҚОСЫМШАЛАР	126

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттар мен құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы, Астана қаласы.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

PISA – әлемнің түрлі елдеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын және білімдерін тәжірибеде қолдана білуін бағалайтын тест.

TIMMS – IEA халықаралық қауымдастығы өткізетін математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеу.

Функционалдық сауаттылық (ағылш. functionalliteracy) - тұлғаның дамуына, жаңа білім мен мәдениет жетістіктеріне, жаңа техниканы меңгеруге, кәсіби міндеттерді табысты орындауға, отбасылық өмірді ұйымдастыруға, оның ішінде балаларды тәрбиелеуге, әртүрлі өмірлік проблемаларды шешуге қажетті дағдылар мен білімді қамтамасыз ететін білім беру нәтижесі.

Жүйе – бұл белгілі бір қасиеттері бар, маңызды элементтердің жүйелілігін бөлуге мүмкіндік беретін өзара тәуелді элементтердің тұтас кешені.

Қолданбалы бағыт - бұл химия, физика, биология және т. б. курстармен пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруды қамтитын, техникалық және байланысты ғылымдарда, кәсіби қызметте және күнделікті өмірде математиканы қолдануға оқытудың мазмұны мен әдістерінің бағдары.

Практикалық бағыт - оқытудың мазмұны мен әдістерін есептер мен жаттығуларды шешуге, оқушылардың бойында математикалық сипаттағы өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға бағдарлану ретінде

Кәсіби бағыт - бұл студенттердің бағдарламада қарастырылған білімді, біліктер мен дағдыларды игеруін қамтамасыз етілетін, сонымен бірге осы мамандыққа деген қызығушылық, оған деген құндылықты көзқарас, болашақ маманның жеке басының кәсіби қасиеттері сәтті қалыптасатын педагогикалық құралдарды пайдалану

Математикалық есеп – бұл белгілі бір біліктер мен білімді қажет ететін математикалық әдістерді қолдану арқылы шешілетін проблемалық жағдай. Есептер іс-әрекеттер санына байланысты қарапайым және құрама болып бөлінеді.

Мәтіндік есеп - белгілі бір сандық сипаттамаларды табу мақсатында белгілі бір сюжетті сипаттайтын есеп.

Практикалық-бағдарланған есеп- бұл дидактикалық сипаттағы мәтіндік есеп қана емес, сонымен бірге сипатталған жағдайдың дұрыстығы мен оны мектеп курсының көмегімен шешудің қолжетімділігі.

Қолданбалы есеп - бұл ғылымның, техниканың және нақты әлемнің әртүрлі бағыттарында пайда болатын, математикалануы қажет есеп.

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ҚР Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-елдің өркендеуінің берік негізі» Жолдауында Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру бойынша негізгі басымдықтарды белгіледі. Мемлекет басшысының маңызды және нақты тапсырмалары, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын жақсартуға ғана емес, сондай-ақ оған ықпал ететін салаларға, атап айтқанда, білім беруге қатысты. Жолдауда қаралған мәселелердің ішінде білім беру сапасын арттыру және педагогтарды қолдау ерекше атап өтілді [1].

Студенттерді жоғары оқу орындарында оқыту барысында, яғни болашақ математика мұғалімдерінің математикалық білім деңгейін арттыру, кез келген мемлекеттің басты міндеті болып табылады.

Қазақстандағы орта білім беру саласындағы соңғы өзгерістер бүкіл білім беру жүйесін жаңарту мен дамытудың жаңа тәсілдерін айқындайды. ХХІ ғасырдың басында қазақстандық білім беру саласындағы негізгі өзгеріс еліміздің Болон процесіне кіруі болып табылады, ол жалпы білім беру кеңістігін құру мақсатында еуропалық елдердің білім беру жүйесінің негізі болып табылады. Осыған байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытуды өзгерту қажеттігі пісіп-жетілді. Білім беруге Қазақстан Республикасы ғалымдарының математикалық ғылыми жетістіктерінің нәтижелерін енгізу, математика саласында зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Бүкіл әлемдегі білім беру стандарттары математикадан пәндік білімді күнделікті өмірде қолдана білудің маңыздылығын көрсетеді. Көптеген әдіскер - ғалымдар тақырып ой-қиялмен жеткіліксіз байланыста болып, математиканы тек жаттаумен шектелген кезде пайда болған мәселелерді атап көрсетеді. Бұл оқушылардың математикалық қабілеттері өздеріне таныс тапсырмалар үшін жатталған алгоритмдерді орындай отырып, ережелер мен формулаларды қолданумен ғана шектеліп қалатынын білдіреді. Олар өз білімдерін тапсырмалардың жаңа түрлеріне пайдалануды немесе математиканы модельдеу құралы ретінде қолдануды білмейді.

Математиканы оқыту әдістемесінің орта және жоғары мектептегі қолданбалық бағыттағы ролі жетекші орын алады. Олар А.А. Темербекованың, Г.В. Дорофееваның, М.И. Зайкинаның, Ю.М. Колягиннің, Г.Л. Луканкиннің, Н.В. Метельскийдің, А.Г. Мордковичтің, Г.И. Саранцевтің, Н.А. Терешиннің, М.И.Шабуниннің, М.В. Егупованың, А.Е. Абылкасымованың, Р.А. Садвакасованың және т. б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі уақытта көптеген қазақстандық ғалымдар, соның ішінде А.М. Мубараков, С.М. Сеитова, Е.Ж. Смагулов, А. Нугусова және т. б. еліміздің университеттерінде педагог кадрларды даярлауға елеулі түзетулер енгізу қажеттігін атап өтуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында елдің 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруіне бағытталған ұзақ мерзімді Стратегиялық жобаларды іске асырудың күрделі міндеті тұр, экономикалық ресурстармен

қатар адами капиталдың рухани әлеуетінің деңгейін арттыру аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында [2], Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» заңында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың тиімділігін арттыру қажеттілігі атап өтілген [3].

Қазақстанда білім беруді жаңғырту соңғы жылдары елеулі жаңарудан өтуде. Қазақстанда жүргізіліп жатқан білім беру жүйесіндегі реформалардың негізгі мақсаты жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру, оқушылардың өз бетінше оқу және сыни ойлау дағдыларын дамыту, теориялық материалдарды практикада қолдана білу, сондай-ақ бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу болып табылады. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» негізінде білім беру жүйесін, критериялды бағалау жүйесін және ұлттық бірыңғай тестілеу форматын жаңарту жүргізілуде [4].

Қазіргі кездегі қоғамдық тәжірибені қайта бағалау маманға және тұтастай білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды өзгертеді. Көптеген елдерде білім қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетекші фактор рөлін атқарады. Ол қоғамның болашақ келбетін анықтайды. Қазіргі заманғы маман бар білімді жаңғыртуға ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қызметке, стандартты емес ойлауға да қабілетті болуы керек. Сондықтан жоғары мектептегі оқу процесі шығармашылық әлеуеттің ашылуы мен дамуын қамтамасыз етеді [5].

Әлемнің барлық елдері үшін математика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және оған сәйкес педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін даярлау мәселесі өзекті болып табылады. Қазақстандық оқушылардың PISA халықаралық зерттеулеріне (2009 ж., 2012 ж., 2015 ж. және 2019 ж.) байланысты нәтижелері орта білім беру жүйесін қайта қарау қажеттігін көрсетті. Оқушыларымыздың қазіргі өмірге бейімделуі үшін заманауи қазақстандық білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы маңызды.

Математиканы оқыту процесінің қолданбалы бағытын жүзеге асыруға әр уақытта көптеген зерттеушілер айланысты. Бұл мәселеге қазақстандық әдіскерлер С.М. Сеитова, А. Нугусова, Р.А. Садвакасова, Е.Ж. Смагулов, Е.А. Туяковтардың және тағы басқалардың еңбектері арналған. Ал ТМД елдерінен В.А. Далингер, М.В. Егупова, В.П. Кизилова, В.В. Ачкан, Н.В. Решетникова, Н.А. Терешин, В.В. Фирсов, Л.Е. Хаймина, И.М. Шапиро, Е.Н. Эрентраут, М.Тажиев және т.б. зерттеулері арналған.

Шетелдік зерттеушілер Bock W. және Brake M. [6] жұмыстары математикалық модельдеу мен қолданбалы есептерді пайдалана отырып, мектеп математика курсының қолданбалы бағытын күшейту мәселесіне арналған. Авторлар математиканы оқыту процесінде математикалық модельдеудің рөлін зерттеп, қолданбалы есептерді тиімді шешу математиканы

оқытудың сапасын арттыратынын және оқушылардың қызығушылықтарын дамытуға ықпал ететінін атап өтті.

Kim M.K. және Cho M.K. [7] өз зерттеулерінде практикаға - бағытталған оқыту барысында оқушылар мектеп білімі мен нақты өмірі арасындағы байланысты табуға үйренеді яғни сапалы білім алады деп тұжырым жасайды.

ЖОО-дағы болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік дайындығы мәселесі А. Нугусованың, Е.Ж. Смагуловтың, С.М. Сеитованың, Е.Ы. Бидайбековтың және т.б. еңбектерінде ұсынылған. Ал ТМД елдерінің ғалымдары В.А. Гусев, И.А. Новик, Н. М. Рогановский, А.П. Сманцера және т.б. қарастырған. Олардың ұсыныстары студенттерді оқыту процесінде математиканың қолданбалы бағытының әртүрлі аспектілерін көрсетуге мүмкіндік береді, сол сияқты ұсыныстың көпшілігі ғылыми зерттеулерде бірнеше рет талқыланды. Алайда, бұл проблеманың бірқатар мәселелері қазақстандық білім беру жүйесін жаңартудың қазіргі жағдайында өз шешімін талап етеді.

Математиканы оқытуда қолданбалы бағытты жүзеге асырудың негізгі құралы есеп болып табылады. Қолданбалы есептердің дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеген ғалымдар: М. Нассер, А.В. Монгуш, И.Б. Бекбоев, С.С. Варданын, Г.М. Возняк, Н.А.Терешин, И.М. Шапиро арнады.

А.Е. Абылқасымованың пікірінше, «есептерді шешуді үйрету математикада проблема болып табылады. Осыған байланысты мынадай сұрақтар өзекті: модельдеу, есептерді шешу процесінде оқушылардың ұжымдық және жеке іс-әрекетін ұйымдастыру, қиындық деңгейлеріне байланысты есептер, қолданбалы есептер жүйесін, шығармашылық есептерді әзірлеу және т.б.» [8].

А.К. Бекболғанованың диссертациялық зерттеуінде математика курсының қолданбалы бағытын жүзеге асыру үшін АКТ қолдану әдістемесін теориялық негіздеу және практикалық әзірлеу мәселелері талқыланды. Колледжде математиканы оқытудағы қолданбалы есептердің рөлі мен функциялары қарастырылған [9].

Бұл зерттеуден мұғалімдердің математиканың қолданбалы бағытын жүзеге асыруға деген ұмтылысы едәуір артты. Эксперименттік зерттеулер математиканы оқытуды белсендірудің ең тиімді әдісі студенттерді қолданбалы математика элементтерімен таныстыру және қолданбалы сипаттағы есептерді шешу екенін дәлелдеді [10]. Көптеген әдіскерлердің көзқарастары практикалық мазмұнды математикалық есептерді шешу мектепте математиканы оқытудың маңызды бөлігі болып табылады дегенді білдіреді. Қазақстан оқушыларының математикалық білімінің қолданбалы компонентіне деген жоғары назар «Математикалық сауаттылық» пәні бойынша ҰБТ тест тапсырмаларының бақылау-өлшеу материалдарының мазмұнынан да байқалады.

Сонымен бірге, педагогикалық университеттердің практикалық қызметінде де, арнайы әдебиеттерде де мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлау құралы ретінде қолданбалы есептерді әзірлеуге және қолдануға аз көңіл бөлінетінін мойындауға болады.

ҚР Білім және ғылым министрі А.К. Аймағамбетов орта білім беруде ҚР оқушылары халықаралық зерттеуге қатысатынын атап өтті, олардың негізгілері PISA, TIMSS, PIRLS. TIMSS - те қазақстандық оқушылар математика және жаратылыстану пәндеріндегі академиялық білім бойынша бірінші 10 жетекші елдің қатарына кіреді. Бірақ PISA-2015 зерттеуінде біздің оқушылар төмен функционалдық сауаттылықты көрсетті, яғни оқушылар көп біледі, бірақ алған білімдерін қолдана алмайды. PISA зерттеуінің мәні-оқушылардың білімі мен дағдыларының деңгейі олардың мектептегі жетістіктері тұрғысынан емес, өз білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу тұрғысынан қарастырылуы керек. Осыған байланысты, 2016 жылдан бастап Қазақстандық мектептерде орта білім берудің жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізілді. Министрдің пікірінше, жаңартылған білім беру бағдарламаларының тиімділігін PISA-2021 және PISA-2024-те байқауға болады, өйткені оқушылар 7-8 жыл аралығында білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқитын болады. Осыған байланысты математикалық білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі математика курсының қолданбалы бағытын күшейту, оның мазмұны мен оқыту әдістемесінің практикамен байланысын жүзеге асыру болып табылады.

Мектепте математиканы оқытудың қолданбалы аспектілері және педагогикалық жоғары оқу орындарында математика мұғалімінің кәсіби даярлығын жетілдіру проблемалары бойынша жүргізілген зерттеулерге талдау мынадай **қарама-қайшылықтарды** анықтады:

1. Қазіргі қоғамның жоғары білікті педагогикалық кадрларға қажеттілігі мен ЖОО-да математиканы оқыту процесінің қолданбалы бағыттылық деңгейін арттыру арасында;
2. Жаңартылған білім беру жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын жаңартудың қажеттілігі және оқытудың білім беру практикасында осы процестің жеткіліксіз көрінісі.
3. Мұғалімдерді қолданбалы есептерді оқытуға әдістемелік даярлау қажеттілігі мен оның әдістемесінің педагогикалық жоғары оқу орындарында жеткіліксіз әзірленуі арасында.

Аталған қарама-қайшылықтар болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда қолданбалы есептердің теориялық және практикалық аспектілерін негіздеу, сондай-ақ математика бойынша білім, білік және дағды сапасын арттыруға ықпал ететін қолданбалы есептерді пайдаланудың әдістемелік негізін әзірлеу қажеттілігінен тұратын зерттеу проблемасын таңдауға себеп болды.

Математикалық пәндерді оқыту процесінде, болашақ математика мұғалімдерін кәсіби қызметке дайындауда қолданбалы есептерді оқыту әдістемесі мәселесінің жеткілікті зерттелмеуі және оны шешудің қолайлы жолдарын айқындау **«Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда қолданбалы есептерді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері»** диссертациялық жұмысының тақырыбын анықтады.

Қойылған проблемаға сәйкес зерттеу объектісі, пәні және мақсаты анықталды.

Зерттеу мақсаты: болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда қолданбалы есептерді тиімді қолдануды ғылыми-әдістемелік негіздеу.

Зерттеу нысаны: жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде математикалық пәндерді қолданбалы бағыт жағдайында оқыту процесі.

Зерттеу пәні: математикалық пәндерді оқытудағы қолданбалы есептердің ғылыми-әдістемелік негіздері.

Диссертациялық зерттеу болжамы: егер студенттерді қолданбалы есептер моделін ескере отырып, дайындалған ғылыми - негізделінген әдістеме бойынша оқытсаңыз, болашақ математика мұғалімінің кәсіби және әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете аласыз, өйткені бұл олардың ЖОО-ғы кәсіби дайындығының сапасын арттырады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамына сүйене отырып, мынадай **міндеттер** қойылды:

1. Математиканы оқытудағы қолданбалы бағыттың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау;
2. Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы қолданбалы есептердің теориялық және практикалық аспектілерін анықтау.
3. Математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді құрастыру мен шешуді ғылыми - әдістемелік негіздеп, моделін жасау.
4. Математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді құрастыру және шешудің әдістемелік негіздемесін эксперименталды түрде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: қолданбалы есептерді оқытуда математик-студенттердің кәсіби дайындығын арттыру тиімділігінің негізі ретінде педагогикалық ЖОО-да математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы бағытты күшейту болып табылады.

Зерттеу әдістері: философия, педагогика, психология бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді және қолданбалы міндеттерді оқыту әдістемесін талдау; білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, диссертациялық зерттеулерді, конференция материалдарын талдау; қолданбалы есептерді шешуге оқыту бойынша тәжірибені қорыту; студенттермен әңгімелесу, бақылау, дәріс және практикалық сабақтар өткізу сияқты ғылыми танымның эмпирикалық әдістерін қолдану; педагогикалық эксперимент және эксперименттік қызметті талдау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін келесі тәсілдер құрады:

- ЖОО-да математиканы оқытудың қолданбалы аспектілері (В.В. Фирсов, Н. А. Терешин, И.М. Шапиро, М.В. Егупова, С.М. Сеитова, А. Нугусова, М. Тажиев, Р.А. Садвакасова, Н.Freudenthal, A.Treffers);
- оқыту әдістері және оқу қызметін ұйымдастыру, соның ішінде математиканы оқыту (Ю.К. Бабанский, А.Я. Блох, А.Е. Абылкасымова, Е.У. Медеуов, Б. Баймұханов, Р. Тасболатова, Г.О. Кожашева, А.М. Матюшкин, Н.А. Менчинская және т. б.);
- болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік дайындығын зерттеу (А. А. Столяр, С. М. Сеитова, А. Нугусова, А. М. Мубараков, О. С. Сатыбалдиев, Е. А. Тұяқов, А.К. Қағазбаева және т. б.);

- математикалық есептерді шешуді оқытудың теориялық негіздері (Д. Пойа, Ю.М. Колягин, В. И. Крупич, М. Фридман, Г.И.Саранцев және т. б.).

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартын, "Педагог" кәсіби стандартын, мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын, білім беру саласына қатысты құжаттарды зерттеу, педагогика, психология және математика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ресми материалдары, Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары және т. б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Математиканы оқытудағы қолданбалы бағыттың психологиялық-педагогикалық негіздері зерттелді;

2. ЖОО-да математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді іріктеуге және пайдалануға қойылатын талаптар тұжырымдалды;

3. Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығын арттыруға ықпал ететін математикалық пәндерді оқытудағы қолданбалы есептердің ғылыми-әдістемелік моделі жасалды.

4. Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығын арттыруға ықпал ететін математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептердің ғылыми-әдістемелік моделі жасалды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы: жоғары мектептің негізгі талаптарына математикалық пәндерді оқыту және математика студенттерінің кәсіби дайындығын арттыру процесіндегі қолданбалы есептердің негізделген ғылыми-әдістемелік моделі сәйкес келеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеуге «Математика», «Математика және информатика» білім беру бағдарламалары бойынша «6B015 жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» дайындық бағытындағы студенттер пайдалана алатын материал кіретіндігінде. Диссертациялық зерттеуде болашақ математика мұғалімдерін даярлау үшін математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді шешуді оқыту әдістемесінің мәселелері қарастырылған. Қолданбалы есептерді құрастыру мен шешудің ғылыми-әдістемелік моделі мектеп мұғалімдеріне, магистранттарға, докторанттарға және ЖОО-ның жас оқытушыларына әдістемелік көмек көрсете алады.

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен негізділігі зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттерінің логикасы бойынша барабар зерттелетін проблема бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиетті талдаумен; зерттеудің ғылыми әдістерінің кешенін қолданумен, зерттеудің теориялық және эксперименттік түрлерінің ұтымды үйлесімімен; жүргізілген эксперименттік зерттеудің табыстылығын растайтын эксперименттік деректердің статистикалық әдістері мен математикалық өңделуін пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Математиканы оқытудың қолданбалы бағытының анықталған психологиялық-педагогикалық негіздері зерттеудің теориялық негізі болып табылады;

2. Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы қолданбалы есептердің теориялық және практикалық аспектілері зерттеудің әдістемелік негізі болып табылады;

3. Математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді пайдаланудың әзірленген ғылыми-әдістемелік моделі математика мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ педагогикалық білім берудің негізгі талаптарына жауап береді.

Зерттеу базасы: эксперименттік зерттеу І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында, І.Жансүгіров атындағы ЖУ жанындағы біліктілікті арттыру орталығында, Талдықорған қаласының Абай атындағы №1 мен №8 жалпы орта мектебінде жүргізілді.

Зерттеу кезеңдері: мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеу жұмысы үш кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезеңде (2017-2018) қойылған проблеманың түрлі аспектілеріне арналған әдебиеттерге талдау жүргізілді. Мектептегі және университеттегі математиканы оқытудың қолданбалы бағытын жүзеге асырудың ерекшеліктері талданды. Әдебиеттерді теориялық талдау және анықтау эксперименті кезінде алынған мәліметтер зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, жұмыс гипотезасын ұсыну (анықтау эксперименті) үшін негіз болды.

Екінші кезеңде (2018-2019) студенттерді оқытуда математикадан қолданбалы есептердің әдістемелік моделі құрастырылып және оны пайдалану бойынша нақты ұсыныстар жасалынды (іздеу эксперименті).

Үшінші кезеңде (2019-2020 жж.) қолданбалы есептерді құрастыру мен шешудің әдістемесін апробациялау, оны қолданудың нәтижелілігін тексеру, алынған теориялық және эксперименттік нәтижелерді өңдеу және қорыту, қорытындыларды тұжырымдау және диссертацияны ресімдеу жүргізілді (қалыптастыратын эксперимент).

Зерттеудің мақұлдануы және тәжірибеге енгізілуі:

- зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері І.Жансүгіров атындағы ЖУ математика және информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинарларында тыңдалып, талқыланды, сондай-ақ «Математикалық пәндер бойынша қолданбалы есептерді шешу әдістемесі («Математикалық анализ» мысалында)» оқу құралында өз көрінісін тапты. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері ЖОАКБМ жанындағы жоғары және арнайы орта кәсіби білім беруді дамыту орталығында (Ташкент қ., Өзбекстан) ғылыми тағылымдамадан өту кезінде баяндалды.

- 2020 жылғы 27 қаңтар мен 29 ақпан аралығында І.Жансүгіров атындағы Білім беру басқармасы жанындағы Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығымен бірлесіп Талдықорған қаласы мен Алматы облысының жалпы білім беретін мектептерінің математика мұғалімдеріне арналған «Білім

мазмұнын жаңарту жағдайында математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып (72 академиялық сағат) өткізілді.

– зерттеулердің нәтижелері келесі ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды: «Известия ЕВРО ТАЛАНТ-ФИДЖИП» халықаралық конференциясы (Париж, Франция, 2018 ж.); «Заманауи математикалық білім: тәжірибе, проблемалар, келешек» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары (Көкшетау қ., 2018 ж.); «Ғылым мен білімді дамытудың өзекті мәселелері, Уәлиев оқулары-2020» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (Өскемен қ., 2020 ж.).

Басылымдар. Диссертацияның негізгі мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, шетелдік басылымдарда және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жазылған. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде 15 ғылыми жұмыс жарық көрді.

1. Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (процентиль – 93, квартиль – Q2)-1;
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер– 5;
3. Халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған ғылыми еңбектер-2;
4. Шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми еңбектер-3;
5. Университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы-1;
6. Университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған электрондық оқу құралы-1;
7. Авторлық куәліктер-2.

Диссертация құрылымы мен мазмұны.

Диссертация нормативтік сілтемелер, қысқартулар, кіріспе, екі бөлімен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеді зерттеу проблемасының өзектілігі, ғылыми аппараты тұжырымдалды: мақсаты, объектісі, пәні, зерттеудің ғылыми гипотезасы, міндеттері, теориялық - әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы және қорғауға ұсынылатын ережелері.

Бірінші тарауда университеттің математикалық пәндер курсына қолданбалы есептерді қолданудың теориялық негіздері қарастырылды. Қолданбалы сипаттағы есептерді шешуді оқыту әдістемесімен айналысқан шетелдік және отандық ғалымдарға салыстырмалы талдау жасалды. Әдістемелік әдебиеттерде "қолданбалы есеп" терминінің көптеген түсіндірмелері берілген, бұл олардың әмбебап түсіндірмесін жасау қажеттілігін көрсетті. Математиканы оқыту процесінде қолданбалы бағыттағы есептердің рөлі және оларды оқу процесінде қолдану ерекшеліктері қарастырылды.

Екінші тарауда қолданбалы есептерге қойылатын әдістемелік талаптары мен оның ғылыми-әдістемелік моделі ұсынылған, сонымен қатар қолданбалы

есептерді құрастыру мен шешуді модельдеу кезеңдері қарастырылған. Қолданбалы есептің белгілі пәндік облысқа жатуына байланысты классификациясы берілген. Зерттеуді ұйымдастыру әдістемесі сипатталған және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Қорытындыда диссертациялық зерттеу жүргізудің негізгі нәтижелері, сондай-ақ оларды педагогика және математиканы оқыту әдістемесі саласындағы зерттеулерде одан әрі пайдалану жөніндегі тұжырымдар мен ұсынымдар, сондай-ақ одан әрі зерттеудің перспективасы тұжырымдалған.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі: диссертациялық зерттеу барысында 120 атаудан тұратын дереккөздер пайдаланылды.

Қосымшада диссертациялық жұмысқа еңбеген, зерттеу барысында әзірленген материалдар ұсынылған.

1 МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Математика пәнін оқыту барысында қолданбалы бағытты іске асырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.

Математика іргелі ғылымдар қатарына жатқандықтан, қай заманда болмасын оның қолданбалы саласының да маңызы зор болды. Мемлекеттердің сауда-саттық саласындағы қатынастары, сәулет, егін шаруашылығы, алым-салықтар, кеме құрылысы әскери іс салалары математикадан бірқатар білімнің болуын қажет ететінін тарихтан белгілі. Адамзат баласының практикалық қажеттіліктерін ашуда математика және оның әдістерін білудің маңызы зор екені айқын. Бүгінгі күні математика бойынша іргелі білімнен өзге, барлық басқа да ғылымдар секілді қолданбалы мәні де талап етіледі. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің көпшілігінде білім беру саласын жаңғырту тұлға оқу орнын аяқтағаннан кейін алған білімін өмірдің сан алуан жағдайларында, қаржы саласында және адам өмірінің басқа да кез келген салаларында қолдану үшін қолданбалы біліктілігін дамыту үшін бағытталған.

Қазақстанда жаңартылған білім беру стандарттарына ауысу барысында мектептегі білім беру саласының алдына соңғы жылдары белгіленген маңызды міндет - математиканы оқытудағы қолданбалы бағытты күшейту мәселесі болып табылады. Қазақстанда және шет мемлекеттердегі көптеген ғалымдар мен әдіскерлер аталған мәселенің шешімін тиімді табудың жолдары мен құралдарын іздеу үстінде.

Математикалық білімнің қолданбалы бағыттылығы және мектептегі білім беру барысында аталған бағытты күшейту математиканың әртүрлі бөлімдерін оқыту барысында аса маңызды болып табылады. Бұл мектептегі білім беру процестерінің баст міндеттердің бірі. Дегенмен, ЖОО ББ және мектептегі математика оқулығының мазмұнын талдау математиканы оқытуда қолданбалы бағытты іске асыру бағытының әлі де болса жетілдіре түсу қажет екенін көрсетіп отыр.

Математиканы оқытудың қолданбалы бағыты (ҚБ) мәселені өзінің өзектілігін еш уақытта жоғалтқан емес, оның тарихының тамыры тереңге кеткен. Қолданбалы бағытты зерттеудің теориялық негіздері шетелдік және Қазақстандық ғалымдар N.A. Bushmeleva, R.G Sakhieva., S.M. Konyushenko, S.M. Korylov [11], J. Kalová, J. Pech, M. Novák [12], Ю. М. Колягин [13], Н. А. Терешин [14], А.А Столяр [15], И.М. Шапиро [16], Г.В. Дорофеев [17], В.В. Фирсов [18], М.Тажиев [19], М.В Егупова [20], А.Е. Абылкасымова [8], Сеитова С.М. [21], Р. А. Сәдуақасова [22], А. Нугусова [23] және т.б. зерттеулерінен көрініс тапқан.

Көптеген ғалымдар өз зерттеу жұмыстарында қолданбалы бағытпен қатар, политехникалық бағдар, практикалық бағыттылық, математикалық модельдеу және алгоритмдік мәдениет секілді ұғымдар да қарастырылады (Б.В.

Гнеденко [24], В.А. Далингер [25], М. Нассер [26], Н.В. Монахов [27], Хи L. [28], D. Wedelin, T. Adawi, T. Jahan, S. Anderson [29], G. Larina [30] және т.б.).

Оқытудың ҚБ іске асырудың психологиялық аспектілері психологтардың еңбектерінде қарастырылған (П.Я. Гальперин [31], Е.Н. Кабанова-Меллер [32], Н.Ф. Талызина [33] және т.б.).

Аталған ғалымдар математиканы оқытудағы ҚБ мәнін анықтап, оның негізгі құрамдауыштарын бөліп көрсетті, ҚБ-ғы математика пәнін оқытуға қойылатын талаптарды белгілеп және белгіленген талаптарды іске асырудың әр түрлі әдістемелік тәсілдерін әзірледі.

Математиканы оқыту барысында қолданбалы бағытын іске асырудың (МОҚБ), математиканы оқытуда қолданбалы есептерді пайдаланудың қажеттігі көптеген мемлекеттерде математикалық білім беру стандарттарында, орта мектептерге арналған математика пәнінің бағдарламаларында көрсетілген.

Көптеген ғалымдар МОҚБ асырудың жолдары мен әдістемелік құралдары ретінде келесі нысандар ұсынылған:

оқушыларға математикалық аппаратты қолдану салалары туралы ауызекі хабарлау

өндірістік сипаттағы зертханалық жұмыстар

бөлшектер сұлбалары мен сызбаларын, құралдарын т.б. пайдалану

көрнекі оқыту құралдарын қолдану (өндірістік-техникалық материал, сәйкес құжаттама т.б.)

студенттердің есептеу жұмыстарын өз бетінше орындауы

анықтамалық және техникалық әдебиеттермен жұмыс

1 сурет- МОҚБ іске асырудың әдістемелік құралдары

ҚБ негізгі іске асыру құралдарының бірі қолданбалы математикалық есептер мен есептер жүйелерін мақсатты пайдалану болып табылады (Эрентраут Е.Н. [34], Забелина С.Б., Пинчук И.А. [35], Нугусова А. [36], Сеитова С.М.[37],Туяков Е.А. [38], Sapazhanov Y., Orynassar A., Kadyrov Sh.,

Sydykhov B. [39], Blum W., Niss M. [40], Helen Chick, Kaye Stacey [41], Yuanita P, Zulnaidi H, Zakaria E. [42] және т.б.).

Математика пәнін оқытуда ҚБ іске асырудың қажеттілігіне қатысты кеңестік математиктер мен педагогтардың көпшілігі пікір білдірген. Мысалы, көрнекті математик ғалымдар Колмогоров А.Н. және Гнеденко Б.В. оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп бағдарламасынан бастап математикалық модельдерді құрстыру қажеттілігі, математика қосымшаларын зерттеу, зерттелетін теорияны тәжірибеде пайдаланудың әр алуандығын көрсетудің қажеттілігі туралы сөз еткен [43].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстанда «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасын техникалық мамандықтарға қарай бейімдеп қайта бағдарлау жүргізіліп жатыр. Оның себебі, Қазақстанда аталған саладағы кадр жетіспеушілігінің орын алуы болып табылады. Техникалық пәндерді оқыта барысында математика мен оның әдістерін дұрыс меңгеру міндетті талаптардың бірі болып табылады.

Математика өзге ғылым салаларымен сабақтас болғандықтан және бүгінгі күні математикалық әдістер барлық салаларда қолданылатындықтан, МОҚБ ұғымдарының мәнін ашу үшін бүгінгі таңда көптеген анықтамалар мен түсіндірмелер берілген.

Математиканы оқытудың қолданбалы, тәжірибелік және кәсіби бағыттарына қатысты кейбір ұғымдарды қарастырамыз (2 сурет):

қолданбалы бағыттылық- химия, физика, биология және т. б. курстармен пәнаралық байланыстарды іске асыруды қамтитын, техникалық және сабақтас ғылым салаларында, кәсіби қызметте және күнделікті өмірде математиканы қолдануға оқытудың мазмұны мен әдістерінің бағыты.

тәжірибелік бағыттылық -оқытудың мазмұны және әдістерін есептер мен жаттығуларды шешуге, оқушылардың математикалық сипаттағы өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру бағыты.

кәсіби бағыттылық - студенттердің бағдарламада қарастырылған білім мен дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ететін педагогикалық құралдарды пайдалану, сонымен қатар, осы мамандыққа деген қызығушылық, оған деген құндылық, болашақ маманның жеке басының кәсіби қасиеттері сәтті қалыптасады.

2 сурет - Математиканы оқытудың қолданбалы, тәжірибелік және кәсіби бағыттарына қатысты ұғымдарды түсіндіру

Математик және педагог В.В. Фирсов жетпісінші жылдары математиканы оқытудағы «қолданбалы бағыт» ұғымына анықтама берген. Ол өзінің зерттеулерінде аталған ұғымды «мектептегі математика курсының қолданбалы мәселелерді математикалық әдістермен зерттеуге тән арнайы сәттерді енгізуді қарастыратын тәжірибемен мазмұндық және әдістемелік байланысын іске асыру» ретінде түсіндіреді [44].

Дегенмен, осы уақытқа дейін педагог-ғалымдар басқаша анықтамалар ұсынды. 1-кестеде педагогикалық ЖОО және мектептердегі математиканы оқыту процесіндегі «қолданбалы/тәжірибелік бағыттылық» түсінігінің мазмұнының терминологиялық түсіндірмелеріне талдау жасалған. Педагог-ғалымдар «оқытудың қолданбалы бағыты» және «оқытудың тәжірибелік бағыты» түсініктерінің түсіндірмелерін бірнеше нұсқада ұсынған.

1 кесте - «Оқытудың қолданбалы бағыты» және «Оқытудың тәжірибелік бағыты» ұғымдарын талдап түсіндіру

№	Термин, автор	Терминнің мазмұны
1	2	3
1.	Қолданбалы бағыттылық, Н. Терешин [14]	<i>Мектептегі математика курсының қолданбалы бағыты ретінде</i> математиканы оқыту мен есептерді шығарудың математика ғылымының шеңберінен тыс мәселелердің шешімін табу үшін математиканы қолдану бағытын түсінуге болады.
2.	Қолданбалы бағыттылық/ тәжірибелік бағыттылық И.М. Шапиро [16]	<i>Математиканы оқытудағы қолданбалы бағытқа</i> сәйкес оның мазмұны мен әдістерін күнделікті өмірмен, басқа ғылымдардың негізгі ұғымдарымен тығыз байланыста болып, мектеп оқушыларын алдағы кәсіби іс-әрекеті барысында математикалық білімдерін қолдануға дайындауға және заманауи электронды компьютерлерді қолдануға бағыттауды қамтиды. <i>Математика пәнін оқытудың тәжірибелік бағыты</i> оқушылардың өзіндік іс-әрекет дағдыларын, өзінің іс-әрекетін жоспарлау мен тиімділігін арттырудың әмбебап-еңбек дағдыларын қалыптастыруға оқытудың мазмұны мен әдістерінің бағыты түрінде болады.
3.	Қолданбалы бағыттылық/ тәжірибелік бағыттылық Ю.М. Колягин және В.В. Пикан [13]	Математиканы оқытудың <i>қолданбалы бағыты</i> -оқыту мазмұны мен әдістерін математика және аралас ғылымдарда, кәсіби қызмет, ауыл шаруашылығы және күнделікті өмірде математикадан алған білімдерін пайдалану үшін бағдарлау. <i>Математиканы оқытудың тәжірибелік бағыты</i> -оқытудың мазмұны және әдістерінің есептер мен жаттығуларды орындай білуге, оқушылардың бойында математикалық сипаттағы басқа да жеке іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы.

4.	Қолданбалы бағыттылық Е. Н. Эрентраут [34]	Бейінді даярлау барысында мектептегі математика курсын жоғары сынып оқушыларына оқытудың <i>қолданбалы бағыттылығы</i> «білім беру қызметі және оның мазмұнын болашақтағы кәсіби қызметін іске асыру барысында және біліміе жалғастыру кезінде немесе өзін-өзі дамытуда, күнделікті өмірінде оқушыларды математикалық білім мен біліктілігін арнайы ойлау әрекеттерін пайдалануға дайындауды» қамтиды.
5.	Қолданбалы бағыттылық, В.П. Кизилова [45]	<i>Оқытудағы қолданбалы бағыттылық</i> -бұл білім берудің мазмұны мен әдістерінің ғылыми білімнің әр алуан салаларында, сабақтас салаларда, болашақ кәсіби қызметінде есептерді шығару үшін математикалық аппаратты пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағдарлану
6.	Қолданбалы бағыттылық, М.Ю. Тумайкина [46]	Математика пәнін оқытудағы <i>қолданбалы бағыттылық</i> келесілерді қалыптастыруға негізделеді: - математикадан алған білімдері қолданылатын негізгі қызмет салалары туралы білім; - математика және өзге ғылым салаларының, математиканың теориялық және қолданбалы бағыттарының өзара ықпалы туралы түсініктер; - басқа ғылым салаларында, техникада, өндірісте, тұрмыста қолданылатын математикалық әдіс-тәсілдер туралы білім; - математикалық аппаратты сан алуан құбылыстар мен қатынастарды зерттеу және сипаттау үшін пайдалану біліктілігі; - математикалық түсініктер, теориялар және әдістерді, қасиеттерді нақты ақиқаттағы мысалдар арқылы суреттеу, математикалық есептерді басқа ғылым тұрғысынан түсіндіру дағдылары.
7.	Қолданбалы бағыттылық, М. В. Егупова [20]	<i>Қолданбалы бағытты</i> математиканы оқытуға қойылатын талап ретінде қарастыру қажет, мұнда математикалық теорияның кейбір фактілері зерттеліп қана қоймай, сонымен қатар, аталған теорияны белгілі бір теорияға сыртқы пән саласында қалай қолдануға болатындығы көрсетіледі.
8.	Қолданбалы бағыт/ тәжірибелік бағыт А. К. Бекболганова [47]	Математиканы оқытудың <i>қолданбалы бағыттылығы</i> ретінде математиканы ақиқатты зерттеуде пайдалануға үйретуге бағытталған мазмұнды таңдау және оның негізінде математикадан тыс сәйкес дағдыларды қалыптастыру қарастырылады. <i>Математиканы оқытудың тәжірибелік бағыттылығы</i> дегеніміз- тәжірибеде пайда болатын есептерді зерттеу үшін маңызды пәннің математикалық мазмұны мен математикалық әдістерді таңдау және олардың негізінде математикалық аппараттарды математикалық объектілерге қолданудың сәйкес дағдыларын қалыптастыру.
9.	Практикалық бағыттылық, О. Мишенина [48]	<i>Оқытудың тәжірибелік бағыттылығы</i> , бір жағынан, есептерді шығару процесінде математикалық теорияны зерттеуді, екінші жағынан, студенттердің жаңа практикалық білімді игеру үшін математиканың әдістері мен құралдарын өз бетінше қолдану қабілетін қалыптастыруды қамтиды. Сонымен қатар, студенттер әлеуметтік және кәсіби

		мәселелердің шешімін табу үшін негізгі математикалық әдістер мен математикалық модельдерді пайдалану дағдыларын игереді, сонымен қатар игерілген теориялар мен тұжырымдамаларды сыни бағалау қабілетін меңгереді.
--	--	---

Жоғарыда мазмұндалғандардан теориялық база мен тәжірибеге тәжірибеге негізделген оқытудың «қолданбалы бағыттылығы» және «тәжірибелік бағыттылығы» терминдерінің барлық ұсынылған ұғымдары математика, тәжірибе, шеберлік және дербестік секілді ұғымдармен біріктірілген деп қорытындыға келе аламыз.

Қазақстандық ғалымдардың диссертациялық зерттеулерінде математиканы оқытудың қолданбалы бағыттылығы байланысты мәселелер қарастырылады, бұл жаңартылған білім беру мазмұнына ауысумен байланысты бүгінгі таңда өзектілігі жоғары мәселе болып табылады. Көптеген авторлар университеттер мен мектептерде математиканы оқытуда оқытудың қолданбалы бағытына жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігімен келіседі.

Қазақстандық зерттеушілердің пікірін де ескерген жөн. Мысалы А. К. Бекболганова, Б.К. Омарбаева, С.Кунанбай, математиканы оқытудың қолданбалы бағыттылығының түсінігі мен мәнін қарастыру барысында, мұнда қолданбалы, тәжірибелік, жалпы математикалық, политехникалық және басқалар сияқты терминдерге негізделген дағдылардың қалыптасқанын бөліп көрсеткен. Бұл жағдайда авторлар математиканы оқытудың қолданбалы бағытын анықтауда келесі ұғымдарды ескереді:

- оқытудың практикалық бағыттылығы;
- оқытудың қолданбалы бағыттылығы;
- оқытудың политехникалық бағыттылығы.

Математиканы оқытудың политехникалық бағыттылығы, жоғарыда қарастырып кеткен алғашқы екі нұсқасынан айырмашылығы, математикасыз қамтамасыз ету мүмкін емес жалпы техникалық, практикалық дағдыларды өндірісте қаруландыру мақсатында қазіргі заманғы өндіріс салаларына қатысты біліммен қамтамасыз ететін оқыту болып табылады [47, 16 б.].

С.М. Сейітова өзінің докторлық диссертациясында «Қазақстан Республикасының мектептерінде жоғары математика элементтерін оқыту тәжірибесінде әлі де шешімін таппаған маңызды мәселелер көп. Олардың қатарында: орта мектепте жоғары математика элементтерін оқытуды жетілдірудің теориялық-әдістемелік негіздемесі, жоғары математика элементтері негізінде математиканың қолданбалы бағыттарының мәнін тереңнен ашып көрсету, пән бойынша және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, оқытудың инновациялық әдістерін кіріктіру арқылы математика пәнінің мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыру жатады. Жоғары математика ұғымдарын қалыптастырудың ықтимал жолдарының бірі- аталған ұғымдардың қолданбалы бағытына баса назар аудару болып табылады» деген пікір білдірген [21, 6-7 б.].

Р.А.Садвакасова докторлық диссертациясында: «Математиканы оқытудың мазмұны құзыреттілік тәсілінің мәнмәтіні тұрғысынан түсіндірілген.

Орта мектепте математиканы оқыту процесінің қолданбалы бағытын қалыптастырудың өлшемшарттары, көрсеткіштері және белгілері әзірленген. Мектептегі математика курсының тәжірибемен мазмұнды және әдіснамалық байланысы белгіленді. Құзыреттілік тәсілі негізінде орта мектепте математиканы оқытудың қолданбалы бағытын ұйымдастыру тұрғысынан әдістемелік ұсыныстар дайындады « [22].

У.А. Бекиш өзінің диссертациялық зерттеулерінде: «Таным мен оқыту процестері бір-бірімен тығыз байланысты. Осы орайда, оқытып отырған пәннің немесе оқу материалының мазмұнын тану процесінің өнімділігі үшін студенттерге оқу материалы мен қолданбалы бағыттағы материалдың мазмұнын саналы түрде қабылдау үшін шығармашылық тапсырмалар беру қажет болады» деп жазған [49, 17 б.].

Ж.М. Нурмухамедова диссертациялық жұмысында «Орта мектептің жоғарғы сыныптарында «Алгебра және анализ бастамалары» пәні жиі жеке оқытылады, бұл пәннің қолданбалы бағыттылығы мүлдем көрсетілмейді, бұл оқушылардың оны зерттеу қажеттілігін түсінбеуіне алып келеді. Қанық математикалық теория, оқыту әдістері, математикалық талдау бастамаларының негізгі бөлімдерін оқытуға арналған сағаттардың аздығы оқушылардың пәнді түсінуін қиындатады» деген [50, 36 б.].

Е.Н. Гаврилова өзінің диссертациялық жұмысында «Оқушыларға математикалық білім беретін негізгі тұлға - бұл жеткілікті дәрежеде меңгерген іргелі және қолданбалы білімі бар, өз жұмыстарын ұйымдастыруда заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана білетін, ең бастысы математиканы жақсы көретін, есептерін шығара алатын және оқушылардың жетістіктеріне қызығушылық танытатын заманауи ұстаз. Сол себепті педагогикалық ЖОО математика пәні бойынша білім беру болашақ мұғалімдерді білімнің алуан түрлі салаларында қолдана алатын қажетті математикалық аппаратқа үйретуге, оларды айналадағы ақиқатты білудің математикалық әдістері жүйесімен қамтамасыз етіп және мектептегі математика курсының ғылыми негіздерін түсінуді қамтамасыз етуге бағытталған» деп жазады [51].

Д.А. Нурбаева диссертациялық зерттеуде математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы бағытты ескерместен, іргелі білімге баса назар аударылатынын атап көрсеткен. «Алгебра курсының дәстүрлі мазмұнына топтар теориясынан көптеген тақырыптар қамтылады және олар терең зерттеледі, біздің көзқарасымыз бойынша болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби қызметінде қолданбалы бағыты жоқ» [52].

ЖОО математикалық пәндер бойынша әдістемелік әдебиеттерде қол жетімді тапсырмалардың МОҚБ жүзеге асыру тұрғысынан әлеуеті жеткіліксіз. Көбінесе есептердің мазмұны бүгінгі таңдағы міндеттемелерге сәйкес келмейді және қолданбалы мазмұндағы есептер аз болады. Осы орайда, оларды білім беру процесінде пайдаланудың тиімділігінің төмен екені және пайдаланудың өзі жүйелі және бірізді жүзеге асырылмайтынын байқап отырмыз. Жаңа білім беру стандарттарына ауысу, ең алдымен, оқулықта берілген материалдың мазмұнын жаңартуды қажет етеді.

Қазіргі таңда білім беру әдістемесінде МОҚБ жүзеге асыру жолдары өте маңызды мәселе болып табылады. Аталған мәселенің шешімін табу үшін оқу процесінде қолданбалы есептерді пайдалану міндетті шарт болып табылады, бұл өз кезегінде математиканы оқытудың тиімділігін арттыруы тиісті.

Орта мектептегі математиканы оқыту курсына арналған қолданбалы есептердің жүйесін дайындау, оқушылардың осындай есептерді шығару біліктілігін қалыптастыратын әдістемені зерттеу, математика курсына аталған есептерді шығару мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған бірқатар диссертациялық зерттеулер жазылған [214, 20 б.], [53], [54].

Бүгінгі күні педагогика және психологияда «кәсіби бағыттылық» ұғымының нақты түсінігі қалыптаспаған. 3-суретте ғалымдардың белгілі бір құрылымдық құрамдауыштарды жіктеуге негізделген кәсіби бағыттылық ұғымын анықтау бойынша әртүрлі тәсілдері берілген.

Э. Ф. Зеер: кәсіби бағыттылықты тұлғаның кәсіби маман ретінде "жүйе қалыптастырушы" фактор болатын және мамандықты меңгеруінің жемістілігін анықтайтын кіріктірілген қасиет деп есептейді

Н. В. Кузьминаның анықтамасында жеке тұлғаның жүйелік қасиеті ретінде кәсіби бағыттылығының жан-жақтылығы анықталады және онда кәсіби бағдар мамандыққа деген қызығушылық пен онымен айналысуға бейімділік арқылы байқалады.

Г.А. Журавлева кәсіби бағыттылықты «қандай да бір қызметті жүзеге асыруға қатысты ұғымдардың белгілі тұрақты кешені».

Ю.А. Афонькина кәсіби бағыттылықты «тұлғаның кәсіби-еңбек қызметінде нақтыланатын қасиеттерді меңгеру бағытының құрамдауышы» ретінде анықтайды.

В.Г. Немировский кәсіби бағытты "адамның белгілі бір мамандыққа қатынасы, белгілі бір іс-әрекеттер мен оған қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы" түрінде анықтайды.

А.Г. Колденков ол кәсіби бағытты "белгілі бір адамның таңдаған мамандыққа басым, саналы көзқарасын сипаттайтын тұлғаның динамикалық қасиеті" ретінде қарастырады.

3 сурет - «Кәсіби бағыттылық» ұғымын түсіндіру

Ғалымдардың кәсіби бағыттылық тұжырымдамасына қатысты жоғарыда берілген анықтамаларын талдау негізінде келесі негізгі пікірлерді ерекшелеуге болады:

1. Э.Ф. Зеер [55] кәсіби бағыттылықты интегративті қасиет деп есептейді;
2. Н.В. Кузьминой [56] – жүйе қалыптастырушы;

3. Г.А. Журавлева [57] – тұрақты кешен ретінде;
4. Ю.А. Афонькина [58] – бағыттаушы құрамдауыш ретінде;
5. В. Г. Немировский [59] – нақты бір мамандыққа деген көзқарас;
6. А.Г. Колденков [60] – таңдалған мамандыққа саналы және басымдықты қатынасты сипаттайтын динамикалық қасиет ретінде түсіндіреді.

Кәсіби бағыттылық тұжырымдамасының мазмұнына құрылымдық талдау, жалпы алғанда, оның құрамында эмоционалды-еріктік және танымдық құрамдауыштар қамтылатынын көрсетіп отыр. Кәсіби бағыттылыққа себептер, мүдделер, құндылықтар, бейімділіктер, ниеттер, коммуникативті және кәсіптік бағдар элементтері, ұжымдық бағдар секілді маңызды құрамдауыштар да жатқызылады.

Қазақстандық зерттеушілер А.К. Шегай және Г.Т. Таликов кәсіби бағыттылық түсінігіне қатысты «оның мазмұндық және динамикалық қасиеттерінің мәнін ашатын кәсіби бағыттылықтың толықтығы мен деңгейі секілді қырларын бөліп көрсетуге болады» деп жазған. Авторлар қандай да бір жағдайларда кәсіби бағыттылықтың мазмұндық - тұлғалық сипаты адам үшін маңызды болуы ықтимал» екенін атап көрсетті, бұл мамандыққа байланысты кәсіби бағыттылықтың келесі факторларын ескеру үшін маңызды: адамның шығармашылық мүмкіндіктері; кәсіби өсу перспективасының болуы; мамандықтың беделін арттыру; мамандықтың қоғамдық маңыздылығы; мамандық бойынша жұмыс жасаудың еңбек жағдайлары; мамандық бойынша еңбек жағдайларының адам мінезінің ерекшеліктері мен әдеттеріне сәйкестігі [61].

Психолог ғалымдар және педагогтар кәсіби бағыттылық ретінде көп жағдайда жеке адамның (тұлға) өзі таңдап алған мамандығына қатынасын көрсететін қасиеті ретінде көрсетеді деп түйіндеуге болады. Осы аталған қасиеттер адамға мамандығы бойынша білімді меңгеруіне әсерін тигізіп, олардың кәсіби қызметіндегі жетістерін де анықтайды. Оны тұлға кәсіби тұрғыда қалыптаспаған жағдайда, болашақта жақсы маман бола алмайтынымен түсіндіруге болады.

ҚР бірінші президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы — 2050» жолдауында біліммен, заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдарлармен, сонымен қатар, кадрларды кәсіби дайындау және оны қайта даярлау жүйесімен тең кәсіби дағдылар ретінде танылғанын айтып кету керек. Аталған тәсіл ғана мемлекетке дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет, ал адамдарға жоғары білімді ұлт ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Кейінірек осы тұжырымдар елдің білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларында және мемлекеттік стандарттарда (оның ішінде жоғары білім берудің МЖМБС) енгізілген.

Қазіргі таңда педагог тәрбие берумен айналысатын дәне білім беру қызметін тиімді жүзеге асыратын маман ретінде біршама ауқымды ұғым болып табылады. Аталған ұғым екі мамандықты қамтиды:

- мұғалім мамандығы (мектепте оқыту және тәрбие беру);

– оқытушы мамандығы (орта-арнайы және жоғары оқу орындарында оқыту және тәрбие беру) [63].

Бұл жоғары білім деңгейіндегі мұғалімдердің екінші тобы және педагогикалық университетте, оның ішінде математика саласындағы мамандарды оқытуда кәсіби бағдарлауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғарғы оқу орындарындағы математиканы оқытудағы кәсіби бағдар, бірінші кезекте, меңгерген мамандыққа бағдарлануға қатысты және болашақ мұғалімнің интегративті сапасы ретінде қабылданды, мұнда педагог мамандығына қажетті мақсаттар, себептер, көзқарастар мен қажеттіліктер қамтылады.

Педагогикалық ЖОО математиканы оқытудағы кәсіби бағдарлау ұстанымдарын барлық пәндерді оқытуда педагогикалық университеттердегі кәсіптік білім беруді бірыңғай тұрғыдан қарастыруға жағдай жасайды. Дегенмен де, оларды математикалық пәндерді оқыту барысында жүзеге асырған жағдайда, олар педагогикалық ЖОО студенттерге оқудың алғашқы күндерінен бастап математика пәнінің мұғалімі ретінде сезінуге мүмкіндік беретін жағдай жасайды, бұл олардың жалпы игерілетін материалдар ауқымында математикалық пәндерге қызығушылығын қалыптастырады. Осының нәтижесінде студенттердің кәсіби жолдағы қалыптасуына байланысты оқуға ынтасы нақты кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің себептерімен ұласатын болады. Осындай тәсіл тек меңгерген білім сапасына ғана ықпалын тигізбей, сонымен қатар, студенттердің бойында кәсіби тұлғаның дамуына да әсер етеді.


Жоғарыда көрсетілген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін талдау арқылы, біз педагогикалық ЖОО математиканы оқытудың кәсіби бағытын іске асыру барысында негізгі математикалық ұғымдарды «анықтаумен» бірге болашақ педагог-математиктің танымның ғылыми әдістерімен қамтамасыз ету жүреді деген қорытындыға келдік, бұл оның мамандығы ретінде математиканың салыстырмалы жоғары маңызының құзыреттілігін арттыруды білдіреді. Болашақ математика пәнінің мұғалімінің біліктілігінің қажетті көрсеткіштері:

- шығармашылық әлеуеттің жоғары болуы және болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы;
- математикалық және педагогикалық зерттеу әдістерін икемді және білікті меңгеру;
- сын тұрғысынан және жүйелі ойлау;
- математика пәні бойынша кәсіби есептерді шешу үшін маңызды динамикалық, үздіксіз, ықтималдық және дискретті модельдерді қолдана білу қабілетінің болуы.

Кәсіби құзыреттіліктің педагогикалық ЖОО түлектері оқу орнын аяқтағанда кірісе алатын бастапқы лауазымына емес, оның алдағы уақытта мансап жолындағы өсу перспективасына бағдарланатынын айта кету керек.

Түрлі ББ үшін математиканы оқытудың кәсіби/қолданбалы бағыттылықтарының арақатынасы аталған ұғымдардың жалпы көлемін де, даярлықтың бағытына байланысты жіктеуге болады.

Гуманитарлық саладағы көптеген пәндер бойынша білім беру барысында кәсіби/қолданбалы бағыттар ұғымдарының ортақ бөлігі 2-суретте көрсетілгендей біршама аз болады.



4 сурет - Гуманитарлық ББ бойынша ЖОО математиканы оқытудың қолданбалы/кәсіптік бағдарлары ұғымдары сыйымдылығының қатынасы

Жаратылыстану және техникалық бағыттар бойынша білім беру барысында студенттерге математиканы неғұрлым тереңнен меңгеру қажет болады, себебі бұл олардың кәсіби қалыптасуы мен алдағы уақыттағы кәсіби қызметі үшін қажет. Жоғары математикада көптеген пәндер оқытылатындықтан, осыған байланысты қолданбалы/кәсіби бағдар тұжырымдамалары сыйымдылығының жалпы бөлігі біршама маңызды болып табылады, сол себепті математиканы оқытудың кәсіби бағытын іске асырудағы негіздеме студенттерді болашақ кәсіби қызметті дайындаудағы математикалық аппараттың әр алуан қосымшаларымен таныстыру болады. 5-суретте жаратылыстану бейініндегі ЖОО математиканы оқытудың қолданбалы/кәсіби бағыттарына қатысты ұғымдар сыйымдылығының қатынасы берілген.



5 сурет - ЖОО математиканы техникалық және жаратылыстану ББ бойынша оқытудың қолданбалы / кәсіби бағыттылығы ұғымдарының сыйымдылық қатынасы

Математиканы оқытудың кәсіби-қолданбалы бағыты (КҚБ) және оны жүзеге асырудың ерекшеліктегі бүгінгі таңда көкейтесті мәселе болып отыр. Соңғы жылдарда ЖОО математикалық пәндерді оқытуда білімді меңгерудің және оны болашақта кәсіби қызметінде пайдаланудың абстрактілі және оқшауланған сипаты басым болып табылады.


КҚБ мәні меңгеріп отырған материалда ғылымның әр түрлі салаларында, аралас пәндерде көрнекі мысалдарын қолдану, олардың мазмұнымен болашақ түлектердің болашақ кәсіби қызметін көрсететін кәсіби және қолданбалы міндеттерді жүйелі пайдаланудан көрініс табады.

Оқытудың КҚБ орта кәсіптік білім беру жүйесінде немесе жоғары мектепте оқыту барысында студенттердің қызығушылығы мен ынтасын арттыруға мүмкіндік беріп, мектепте мамандық таңдау кезеңінде де, алдағы білім алу процесінде де математиканың маңыздылығын көрсетеді

Бұдан басқа, оқытудың КҚБ жоғарғы оқу орындарындағы білім берудің: студенттердің бойында математикалық құзыретті қалыптастыру, дүниеге ғылыми көзқарасын дамыту, олардың жалпы кәсіби даярлығының сапасын жоғарылату секілді маңызды міндеттерін шешуді қамтиды.

Болашақ мамандарды математикалық даярлау КҚБ талаптарына сәйкес болуы тиісті, бұл болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі құрамдауышы болады деген қорытындыға келуге болады.

Бүгінгі таңда ҚР болашақ педагог-мамандарды кәсіби дайындаудың деңгейіне баса назар аударылады, оны келесі жағдайлардан байқауға болады (6-сурет):



6 сурет - Жоғары оқу орындарындағы болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындық деңгейін арттырудың өлшемшарттары

Осы уақытқа дейін Қазақстанда педагогикалық ЖОО тәмамдап келген жас педагогтар дипломды білікті маман ретінде қабылданып, жұмысқа орналасу барысында олар ҰБТ тапсырмайтын еді. Педагогикалық ЖОО немесе педагогикалық кадрларды даярлауға маманданған басқа университеттің түлектері кез келген мектепке орналасып, өз мамандығы бойынша жұмыс атқара алатын еді. Бүгінгі күні жоғары білімін растайтын құжаттардың қолда

болуы автоматты жұмыспен қамтылудың кепілдігі болып табылмайды. Математика пәнін оқытатын ұстаз өзінің пән бойынша біліктілігін растаған жағдайда ғана оның білім беру қызметіне араласуына рұқсат етіледі. Бұл жұмысқа қабылдау барысында бастапқы сатыдан бастап пән бойынша білім осал мұғалімдерді анықтауға мүмкіндік береді және мектептерде оқушыларды тек мықты педагогтар ғана оқытатын болады. Бұл өз кезегінде мектептердегі білім беру сапасын арттырып, сәйкесінше ЖОО білікті мамандар даярлайтын болады. ҰБТ қолданысқа енгізілгенге дейін дипломы бар жас мамандарды бос жұмыс орындарына оқу орнының басшылығы өз қалауы бойынша жұмысқа қабылдап келген. Математика пәнінің мұғалімі қызметіне ЖОО аяқтап келген санаты жоқ мұғалім ретінде қабылданып, кейін ол тәжірибесі мен педагог-кадрларды даярлау курстарында біліктілігін арттыруы тиісті болды.

Дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттерде, оның ішінде, Қазақстанда да кұбылмалы әлемнің қойып отырған талаптарына сәйкес педагогикалық жоғары оқу орындарында КҚБ баса назар аударылады. Аталған тәсіл іргелі және қолданбалы математика туралы білімі жеткілікті білікті мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда, педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алған мамандарға мектепте де, басқа оқу орындарында да математиканы сапалы үйретуге мүмкіндік беретін кәсіби бағыт болып табылады. Ол математик-мамандардың жұмыспан қамтылуға мүмкіндігі болып және олар тек Қазақстанда ғана емес, шет мемлекеттерде де сұранысқа ие болуы үшін қажет.

Білім беру сапасын бағалаудағы маңызды өлшемшарттардың бірі - түлектердің жұмыстарының тұрақтылығы екенін тәжірибе дәлелдеп отыр. Жұмыстағы тұрақтылықтың негізгі өлшемшарттары - түлектің ЖОО меңгерген білімдерін жемісті жүзеге асыра білуі және жұмыс берушіге өзінің маман ретінде кәсіби жарамдылығын дәлелдеуі.

А.Е.Абылкасымова өзінің зерттеулерінде «біздің мемлекеттегі білім беру саласын жаңғырту бағытында шаралар жүйелі және жоспарлы түрде атқарылып жатыр, олар республикада мемлекетті бәсекеге қабілетті адами кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында оқытудың сапалы жаңа парадигмасын қалыптастыруға бағытталған» деп жазады [64, 7-бет].

Оқытудың қолданбалы және кәсіби бағытының негізінде болашақ математика мұғалімдерін даярлаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу болашақ мамандардың қалыптасуындағы кәсіби дағдарыстарды жеңудің және ғылым, кәсіптік білім және мектеп арасындағы интеграциялық қатынастарды жандандырудың тиімді механизмі болып табылады.

Бірқатар жарияланымдар қолданбағы бағыттылықтың АКТ пайдалану есебінен үдемелі дамып отырғанын растайтынын айта кету керек. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың бірқатар еңбектерінде болашақ математика мұғалімдерін даярлауда қолданбалы (тәжірибеге бағдарланған) тапсырмаларды қолданудың теориясы және тәжірибесі мазмұндалған.

Соңғы жылдарда ЖОО математикалық пәндерді оқытуда орын алып отырған кемшілік түрлі бөлімдерді оқыту барысындағы қолданбалы бағыттың жеткілікті қолданылмауы болып отыр. Бұл математикалық пәндерді оқуға бөлінген кредиттер санының кемуімен байланысты орын алған жағдай. Студенттен тәжірибелік сабақтарда көптеге стандартты математикалық есептерді шығарады, дегенмен, олардың ойынша, аталған есептерді олар күнделікті өмірде қолдана алмайды. Осындай қате түсініктерді жою үшін кез-келген математикалық есептің тұрақты қолданбалы және кері байланысты болатындығын көрсетудің кез-келген мүмкіндігін пайдалану керек.

Нәтижесінде, математиканы оқытудың қолданбалы бағыттылығының әдістемесінде осы уақытқа дейін қолданбалы тапсырмалардың әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін бірегей тұжырымдаманың әлі де жасалмағанын білдік.

Оқытудың қолданбалы/тәжірибелік бағыттылығы терминдерін қарастырған түрлі ғалымдардың ой-пікірлерін ескеру арқылы білім беру процесіндегі

- қолданбалы және тәжірибелік бағыт түсініктері бір-бірімен тығыз байланысты;

- математиканы оқытудың қолданбалы/тәжірибелік бағыты - қолданыстағы ақиқат жағдайында және есептерді өз бетінше шығару үшін қолдануға қатысты математикалық білімдерді түрлендіру нысанындағы оқушылардың құзыретін арттыруға бағытталған дидактикалық құралдар мен тәсілдердің жиынтығы түрінде болатынын түсіндік.

1.2 Математиканы оқыту процесіндегі есептің рөлі

«Есеп» сөзінің ұғымы психология, педагогика, жаратылыстану, математика, техника және басқа да көптеген ғылымдар саласындағы негізгі түсініктердің бірі болып табылады. Бұл термин көптеген және әр түрлі ұғымдарды білдіреді, осы уақытқа дейін «есеп» сөзі түсінігінің бірыңғай анықтамасы берілмеген. Математиканы оқытуда есептің рөлі мен оның атқарымдарына шет елдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми жұмыстарында үлкен көңіл бөлінген (Д. А. Пойа [65], А.А. Столяр [15], Л.М. Фридман [66], А.А. Темірбеков [67], Ю.М. Колягин [13], А.Е. Абылкасымова [8], С.М. Сейітов [68], А.У.Дәулетқұлова [69], А.Нугусова [36,], А.Treffers [70], Jonas Jäder, Johan Lithner, Johan Sidenvall [71] және т.б.).

«Есеп» сөзі ғылымда және күнделікті өмірде үнемі қолданылады. Аталмыш термин көптеген және әр түрлі ұғымдарды білдіреді. Оқу-педагогикалық әдебиеттерде есеп сөзінің ұғымын әр түрлі түсіндіру кездеседі.

Адамға күн сайын кездесіп отыратын ең қарапайым есептердің бірі, бұл алдын ала белгіленген жерге жол жүріп бару қажеттілігі туралы есеп. Сондықтан да болар көптеген адамдар есепті шешу процесін қиындықты еңсерудің, кедергілерді айналып өтудің кейбір жолдарын іздеу ретінде қарастыруға бейім болып келеді. Адамның саналы ойлауының негізгі бөлігі есепті шешумен байланысты болады. Адамның іс-әрекетінің көріністерін

зерттеуден қызықты нәрсе жоқ. Олардың ішінде ең ерекшесі - міндеттерді шешу, белгілі бір мақсатқа қалай жетуге болатындығы туралы ойлау, оған қажетті құралдарды іздеу.

Есептерді шешу ғасырлар бойы адамзат қоғамының ілгерілеуіне ықпал етіп келе жатқан адам танымының ең маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Адамдардың жер бетінде пайда болғанынан бастап оның күнделікті өміріне әсер етіп отыратын есептерді шешу процесінің тетіктері мен қиындықтары туралы өте көп еңбектер жазылды. Көптеген ғалымдар есепті - қалаған мақсатыңа қол жеткізу үшін еңсеруге тиіс кедергі ретінде қарастыруға болады дегенмен келіседі. Алайда, есеп негізінен оны шешу үшін не істеу керектігін нақты білмейтін факті ретінде сипатталады.

Көптеген психологиялық-педагогикалық және дидактикалық-әдістемелік зерттеулерде есептер және оған байланысты мәселелер қарастырылған.

Математик-ғалым Д.А. Пойа былай дейді: «Есеп айқын көрінетін, бірақ тікелей қол жетімді емес мақсатқа жету үшін тиісті құралды саналы түрде іздеу қажеттілігін білдіреді. Есепті шешу дегеніміз - осы құралды табу» [65, 143 б.].

Есептің тар шеңбердегі мағынасы адамның танымдық іс-әрекетімен байланысты, ал іс-әрекетімен байланысты емес мағынасы таным процесі салыстырмалы түрде дербес мақсатқа айналғанда орын алады. Танымдық әрекетке қатысты «есеп» сөзінің психологиялық терминологияда өзіндік нақты орны бар және ешқашан «мақсат» ұғымымен араласып кетпейді.

Қазіргі уақытқа дейін педагог-ғалымдар есеп сөзінің ұғымына әр түрлі көпнұсқалы түсіндірмелер ұсынып келді. 2-кестеде «есеп» ұғымының терминологиялық түсіндірмелеріне талдау берілген.

2-кесте - Психологтар, педагогтар және математиктер ұсынған «есеп» ұғымының түсіндірмелері

№	Термин, автор	Терминнің мазмұны
1.	2	3
2.	Л.Л. Гурова [72, С. 12]	<i>Есеп</i> – белгілі және белгісіз элементтер арасындағы байланыстарды (қатынастарды) ашуға мүмкіндік беретін күш-жігерді іздеу арқылы кейбір практикалық қайта құру немесе теориялық сұраққа жауап беру талаптарын қамтитын ақыл-ой әрекетінің объектісі. Л.Л.Гурованың анықтамасы мәнмәтінінде «есеп» терминін «мақсат» терминінің синонимі ретінде белгілеуге болады.
3.	А.Ф. Эсаулов [73, С. 36].	<i>Есеп</i> –бұл ақпараттық процестердің көп немесе аз анықталған жүйелері, олардың арасындағы өзгерту қажеттілігін тудыратын сәйкессіз немесе тіпті қарама-қайшылықты қатынас. А.Ф. Эсауловтың анықтамасы мәнмәтінінде «есеп» термині ақпараттық жүйені білдіретін мәселенің негізінде жатқан кейбір талдауларының нәтижесі болып табылады.
4.	А.А. Столяр, [15, С.].	« <i>Есеп</i> » термині оның мазмұнын және ол белгілеген ақиқат саласын сипаттайтын бұдан да тар мағынасында

		қолданылуы мүмкін : «математикалық есеп», «физикалық есеп» және т.б. А.А.Столярдың анықтамасы мәнмәтіндегі «математикалық есеп» термині математикалық тұрғыдан тұжырымдалған есеп.
5.	Л.М. Фридман [66, С.6]	Есеп – «есепте көрсетілген шарттарды ескере отырып әрі сол шарттарға сүйеніп жауабын табу керек талап немесе сұрақ» ретінде анықталады.
6.	Blum W., Niss M. [40, p.37]	Есеп термині – сұраққа жауап беруге жеткілікті тікелей әдістері/рәсімдері/алгоритмі жоқ адамға интеллектуалды шақырту тастайтын белгілі бір ашық сұрақтары бар жағдайды айтады. Есеп туралы бұл түсінік оған қатысатын адамдарға байланысты болмақ, сондықтан біреулер үшін жауабы қиын болған есеп біреулер үшін жаттығу болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде түрлі ұғымдардың арасындағы қатынастарды анықтауда бір терминнің мағынасын түсіндіру барысында елеулі айырмашылықтар байқалады. Бұл ретте «есеп» ұғымы туралы да осыны айтуға болады. Педагогикада негізінен есеп ұғымы оқу материалдары мен оқу тапсырмаларының белгілі бір нысандарын баяндайды және маңызды рөл атқарса да, бәрібір жеке сипатқа ие болды. Психологиядағы есеп көбінесе субъектінің белсенділігін анықтайтын сыртқы фактор ретінде түсіндіріледі. Әрекет теориясын әзірлеу барысында есептің сипаттамасына басқаша көзқарас дамыды. Бұл көзқарас сыртқы ғана емес, ішкі де белсенділік көздерін ескеруге мүмкіндік берді. Осындай көзқарас арқылы есеп психологиялық санаттардың бірі болып шықты. Мұғалімнің басқару арқылы есепті шешу процесі және осы процесс барысында туындайтын қатынастар, осы процесте қолданылатын құралдар мен одан кейін алынған нәтижелер білім беру процесінің құрылымдық бірлігін құрайды деп саналады. Басқаша айтқанда, есеп - бұл ақпараттық жүйе болып табылатын мәселенің кейбір талдауларының нәтижесі.

Есептерді шешу математиканың орталық құзыреттілігі болып табылады, бірақ дайын алгоритмдерді түсінбей жаттау және есте сақтауға баса назар аудару көптеген елдерде математиканы оқыту мен үйретуде жиі орын алады.

Есепті шешу процесі қиын жағдайдан шығу жолын немесе кедергіні айналып өту жолын іздеуді, бастапқыда қол жетімді болып көрінбейтін мақсатқа жету процесі. Есеп шығару адам ақыл-ойының өзіндік ерекшелігі, ал ақыл-ой - бұл адамға берілген ерекше сый; сондықтан есеп шығаруды адам іс-әрекетіне тән көріністердің бірі ретінде қарастыруға болады. Есеп шығару қабілетін жүзу, шаңғымен сырғанау немесе флейтада ойнау сияқты тәжірибелік өнермен салыстыруға да келеді; оны тек жақсыға еліктеп әрі үнемі жаттығу арқылы үйренуге болады.

Есеп ұғымының жоғарыда айтылған түсіндірмесін сараптай келе біз психология-педагогика ғылымдарында «есеп» туралы белгілі бір әрекеттерді орындау арқылы қол жеткізуге болатын белгілі бір мақсат деген қортынды жасадық.

Цифрлық қоғамның дамуы жағдайында математикалық білім беру ерекше маңызды сипатқа ие болуда. Оның мазмұны, сабақ беру тәсілі және оқу процесінің ұйымдастырылуы айтарлықтай өзгерістерге түсті. Білім алушыларға математикалық теорияны меңгеруге, шығармашылық қабілеттері мен ойлау дербестігін дамытуға мүмкіндік беретін оқу қызметінің маңызды түрлерінің бірі - есеп пен оны шешу әдістері болып табылады.

А.Е.Абылкасымова өзінің оқу құралында былай дейді: «ЖОО-да білім алғаннан кейін мектеп математиканы жақсы көретін, оқушыларға әр түрлі өмірлік және кәсіби есептерді шешу үшін математикалық аппаратты қолдануға үйрететін, сонымен қатар жеке тұлғаның үздіксіз дамып отыруына күш салатын сауатты, білікті мамандарды алуы тиіс» [8].

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім студент тұлғасының тұтас қалыптасуы мен дамуы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты басым қасиеттерге терең кәсіби білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар шығармашылық белсенділік, үздіксіз білім алуға және өзін-өзі дамытуға дайын болу қасиеттері де кіреді. Біздің ойымызша, қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда математикалық есептер маңызды рөл атқарады. Математиканы оқытудың құралы мен мақсаты ретінде ол тәжірибелік мәселелерді шешудің іздеу дағдыларын дамытады, мүмкін болатын тәуелсіз зерттеулерге қатыстырады, олардың көмегімен теориялық мәліметтер терең танылады [74].

Есептер мен оларды шешу әдістері қолданбалы және тәжірибелік бағыттарды күшейтудің негізгі сәттерінің бірі болып саналады. Қолданбалы және тәжірибелік бағыттылықтарды тек есептерді, соның ішінде қолданбалы есептерді шешуде тиімді жүзеге асыруға болады.

Қарапайым есептерді шығару барысында тек бір әрекетті қолдану керек. Екі, үш және т.б. әрекетті қолдану қажет болған кезде есеп күрделі есеп болып табылады. Қарапайым және күрделі есептерді бірнеше жолмен шешуге болады.

Оқу есептері мен олардың жиынтығына ғылыми негізделген талаптарды әзірлеу оқулықтарды жетілдіруді, әрбір пәнді оқытудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуді, сабақтардың тиімділігін арттыруды және оқушылардың өз бетінше ойлауын дамытуға көмек көрсетуді қарастыратын ережелерді жүзеге асыру үшін қажет. Аталған нұсқауларды орындау есепті жан-жақты зерделеуге, «есеп», «есепті шешу», «есептерді жіктеу», «есептің шешу жолын іздеу» түсініктерін, өз бетінше ойлауды дамытудағы орнын анықтауға көмектесуі тиіс.

Математиканы оқытуда есеп нақты басты рөл атқарады және мақсат ретінде де және оқу процесінің құралы ретінде де оның өз орны бар. Оқушының көзқарасы бойынша, есеп көбінесе оқытудың мақсаты болып табылса, ал

мұғалімнің ұстанымы бойынша есеп оқу құралы ретінде қолданылады[26, С.77].

Математикалық есептердің сипаттамасы мақсаттың, қажетті нәтиженің нақты қойылуымен анықталады және математик студенттердің математикалық білімдерін, дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы болып қалады.

Болашақ математика пәні мұғалімдеріне математикалық білім беруді жетілдіру және тиісінше жоғары оқу орындарында студенттерді даярлау, сондай-ақ мектеп оқушыларын оқыту ұлттық басым міндеттерге жатады.

Осыған байланысты, ҚР-ның білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы міндеттерінің біріне келесілер бағытталды:

- педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, қазақстандық білім беруді жаңғыртуға;
- ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыруға және әлемдік ғылыми кеңістікте интеграцияны қамтамасыз етуге [75].

Заманауи математикалық білім беру студенттерді сыни ойлауға уәждемелеуі, сондай-ақ түрлі есептерді шешуде жаңашыл көзқарасты дамытуы тиіс.

Математикалық білім беру – белсенді, серпінді және үздіксіз процесс; математика сабақтары оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, логикалық, жүйелі, сыни, мұқият ойлауға, сондай-ақ түрлі мәселелерді шешуге объективті және ашық қарауға көмектеседі.

Математика білім берудің барлық кезеңдерінде, бастауыш сыныптан бастап жоғары оқу орындарына дейін міндетті пән болып табылады. Әрбір адам үшін математиканың қарапайым негіздерін білу қажет, әсіресе, күнделікті тапсырмаларды шешу үшін. Математиканың өзінің жүйелі логикасы, өзінің тілі және белгілі тәртібі бар. Математиканы үйрену біздің миымызды жұмыс істеуге және есептерді жүйелі түрде шешуге әдеттендіреді. Нәтижесінде күнделікті өмірде біз кез келген мәселенің шешімін тез табуға үйренеміз. Сонымен қатар математика бізге басқа ғылымдарды мысалы, физиканы, экономиканы, химияны, биологияны, т.б. үйренуге көмектеседі. Егер оқушылар математиканы үйренуде қиындықтарға тап болса, бұл олардың басқа пәндерді оқуына да әсер етуі мүмкін. Математиканы үйрену қажет, өйткені ол білім алушының логикалық ойлауын дамытады. Егер мектеп оқушысының математикадан үлгерімі нашар болса, болашақ мамандығын тандағанда математиканы оқытпайтын гуманитарлық бағыттағы мамандықты тандайды. Бұл мұғалімдердің математика пәнін оқушыларға қызықты әрі тартымды ету үшін математиканы оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігін білдіреді.

21 ғасырда математика әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады, дүниетаным мен ғылыми ойлау стилін қалыптастыруға негіз болады. Қазіргі заман адамының ойлау қабілетін толыққанды дамыту логикалық мәдениеттің қалыптасуынсыз мүмкін емес. Математикалық есептерді шешу процесінде алынатын тәжірибе тиімді ойлау дағдылары және ойды жеткізу тәсілдерімен (ықшамды, нақты, толық, анық және т.б.) қатар, түйсікті –

нәтижені алдын ала білу және шешу жолын алдын ала болжау қабілеттерін де дамытады. Математика жеке тұлғаның жалпы дамуына ғана емес, сонымен бірге мінездің, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосады, әлемді эстетикалық қабылдауды дамытуға ықпал етеді.

Мектептегі математика пәндерінің негізгі мақсаты оқушыларды математикалық есептерді шешуге үйрету болып табылады. Бұл жерде оқулықтардағы есептерді ғана айтып отырған жоқпыз. Күн сайын бізді айналамыздан түрлі есептер қоршайды: А бекетінен В бекетіне қалай жетеміз? Қажетті азық-түлікті қай жерден аламыз? Оған қанша уақыт кетеді? Бұл да біздің күнделікті шешуімізге тура келетін және оны кез келген оқушы шеше алуы керек өмірден алынған есептер. Әрине, көптеген есептер қарапайым және қайталана береді – олар күнделікті атқарылатын дағдыға айналғандықтан қандай да бір күрделі есеп болып көрінбейді. Бірақ өмір бір орында тұрмайды, күн сайын жаңа, жаңа есептер пайда болып отырады. Сондықтан мектеп қабырғасында білім алып жүргенде есеп шығарып үйрену керек.

Математиканы үйрену барысында есептің үлкен және көпқырлы мағынасы бар екенін байқаймыз. (7-сурет)



7 – сурет - Оқытудағы математикалық есептердің маңызы

Олар кеңістіктік қиялды, алгоритмдік ойлауды, эвристикалық және шығармашылық бастауды дамытудың негізгі құралы болып табылады.

Білім берудегі маңызы. Математикалық есептердің білім берудегі маңызы есептерді шешу барысында танымдық процестің жүруінде жатыр. Есептер жаңа білімді игеруге бағытталады және әсіресе, жаңа ұғымдармен танысу үшін кеңінен қолданылады. Есептерді шешуде берік дағдыларды игеру және күнделікті өмірде математиканың рөлін түсіну үшін оқушылар теориялық білімді, шешімдердің жаңа тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Дамытушылық маңызы. Математикалық есептердің дамытушылық маңызы математикалық есептерді шешу барысында оқушыларда

математикалық ойлау қалыптасатынын көрсетеді. Математикалық есептерді шешу барысында оқушыда 1) математикалық ойлау стилі, 2) өз ойын ықшамдап жеткізе алу, 3) ойлау процесінің реттілігі қалыптасады.

Қоғамның заманауи даму кезеңінде математиканың басқа ғылымдармен ықпалдасуы, яғни ғылымның, техниканың және өндірістің барлық салаларында математизациялану процесі орын алуда. Бұл математикалық есептердің *тәжірибелік мәні* болып табылады. Есептерді шығару барысында білім алушы математикалық білімін күнделікті өмірде тәжірибеге қолдануды үйренеді. Математиканы үйрету кезінде сабақтас пәндермен (физика, химия, география, т.б.) байланысты есептерді ұсыну керек.

Тәрбиелік маңызы. Математикалық есептердің тәрбиелік маңызы - білім алушы есептерді шығару барысында тапсырмада берілген жаңа жағдайларға тап болады; есеп шығарудың жаңа тәсілдерін меңгереді; табандылық, шыдамдылық дамиды. Математикалық есептерді шығаруға үйрету процесінің өзі тәрбиелік маңызға ие.

Білім беру кезіндегі есептердің алуан түрлілігі оларды жіктеу қажеттілігін тудырды. Қазіргі уақытта есептерді жіктеудің түрлері көп. Осы жіктеулердің әрқайсысының таңдалған негізі бар.

Математикалық есептерді жіктеу үшін төмендегі талаптар қажет:

- есептердің орындалатын функциялары;
- құрылымы;
- дидактикалық мақсаттар;
- шешу әдістері.

8-суретте математикалық есептердің атқаратын функциялары мен дидактикалық мақсаттарына сәйкес жіктелу түрлері берілген.



8-сурет. Математикалық есеп түрлері

1) Дидактикалық – үйретуші есептерге жататындар:

а) таза дидактикалық – өтілген теориялық материалдарды қарапайым жаттығу мысалдарында тікелей бекіту мақсатындағы жаттығу есептер.

б) мәтіндік тапсырмалар, оларды шешу үшін кейбір шарттарды талдауды қолдану керек, жауап алу үшін бірнеше әрекеттерді орындау керек.

2) Қолданбалы сипаттағы есептер:

а) Есептеуіш сипатындағы жаттығулар, мұнда оларды орындаудың ұтымды әдістері және мәтіндік тапсырмалар талап етіледі. Мысалы, ұшақтардың, теплоходтардың, зымырандардың, автокөліктердің жылдамдықтарының, түрлі сметалық, шаруашылық жұмыстардың орташа мәнін қолдану арқылы берілетін есептер.

б) өндірістік сипаттағы мәтіндік есептер, мұнда техникалық, физикалық, химиялық, астрономиялық деректерді қолдану арқылы берілетін есептер, пайыздық есептеулерге және т.б. арналған есептер болады.


3. Зерттеушілік сипаттағы мәселелік есептер:

а) техниканың эмпирикалық формулалары қолданылатын есептер;

б) тиісті кестелерден, анықтамалықтардан жетіспейтін деректерді таңдаумен, алынған жауапты зерттеумен, әртүрлі енгізілген параметрлер үшін мүмкін болатын сандық мәндерді анықтаумен және т. б. берілетін ашық есептер.

Білім беруде есептердің рөлі мен орнының өзгеруімен қатар есептердің өзі де жаңарады және түрлері өзгереді. Бұрын есептер «табындар», «құрындар», «есептеңдер», «дәлелдендер» деген сөздерді қолдану арқылы жасалатын. Қазіргі мектептерде есептер «негіздендер», «шешімнің түрлі тәсілдерінің арасынан ең ұтымдысын таңда», «зертте», «шешімнің түрлі тәсілдерін болжау» деген сөздер арқылы құрылады.

Білім алушылардың есеп шығару қабілеттерін дамыту үшін есеп бойынша жан-жақты жұмыс, атап айтқанда оны әртүрлі әдістермен шығару маңызды. Әдістемелік әдебиеттерде математикалық есептерді шығару әдістерінің әртүрлі жіктелулерін кездестіруге болады. Математикалық есептер шығаруға үйрету әдістемесінде есеп шығарудың негізгі әдісін бөліп көрсетуге болады. (9-сурет).



9-сурет. Математикалық есептер шығару әдістері

1) Тәжірибелік тәсіл. Осы тәсіл арқылы есеп шығару барысында ешқандай арифметикалық операциялар орындалмайды, тоғызға дейін санай білу және күнделікті тұрмыстағы тәжірибеге сүйену ғана қажет етіледі. Ол тек қарапайым есептер үшін қолданылады.

2) Геометриялық әдіс. Қажетті мәлімдеме белгілі теоремалардан, геометриялық түсіндірмелерден және графиктерден логикалық ойлау арқылы алынған кезде қолданылады.

3) Арифметикалық тәсіл. Әдістің мәні - сандар бойынша арифметикалық амалдар арқылы мәселенің жауабы шешіледі. Жауапта нақты сандық мән алынады.

4) Алгебралық тәсіл. Әдістің мәні келесіде: есеп шығару кезінде теңдеу құру керек және оны есептің жауабын алу арқылы шешу керек.

5) Логикалық тәсіл. Бұл әдістің мәні - бәрі логикалық ойлау арқылы құрылады және ешқандай есептеулер жүргізілмейді. Есепті шығару жоспары ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асырылады. Есептің шешіміне жауап алу алгоритмі блок-сызба түрінде немесе ауызша жасалады.

Есептерді шешу математикалық белсенділікті дамытудың ең тиімді түрі болып табылады. Есеп шығару әрекеті білім алушылар үшін үшін ең күрделі ойлау процестерінің бірі деуге болады. Ол әрбір оқушы меңгеруі тиіс оқу сипатындағы бірқатар әрекеттерді қамтиды.

Оқу әрекетінің ең маңызды түрі есеп шығару болып табылады. Есеп шығару барысында студенттер математика курсының мазмұнын меңгеріп, өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытады. ЖОО-да математиканы оқып-үйренуде есеп шығару теориялық ережелерді меңгеруді; ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту құралы; танымдық қызығушылықты қамтамасыз ету рөлін атқарады. ЖОО-да студенттерге математикадан білім беру барысындағы есеп мәселесіне жазылған диссертациялық зерттеулер аз емес.

Математикалық мәдениетті қалыптастыру үшін студенттерден математика пәні бойынша білімді меңгеру талап етіледі. Математикалық есептерді шығара алу қабілеті бойынша математикалық білім берудің жалпы алғандағы жағдайынан хабар алуға болады. Ғалымдар «математикалық есеп» ұғымына бірқатар түсініктер береді. Кейбір ғалымдар нақты жағдайларда берілген мақсат ретінде анықтаса, басқалары оны проблемалық жағдаймен байланыстырады. Білім берудегі есепке арналған нақты ережені сабақ берудің заманауи әдістерімен анықтау қажет.

Д.Пойа дұрыс таңдалған есептер ғана есеп шығаруға үйрету сабақтарының тиімділігін арттыратынын айтып кетті.

Мысалғ, есептер төмендегі жағдайларда қолданылуы мүмкін:

- жаңа тақырыпқа кіріспе барысында;
- студенттердің оқып-үйренулеріне жататын қандайда бір фактіні немесе сол фактінің иллюстрациясын өз беттерімен анықтаулары үшін;
- теориялық материалды тереңінен меңгеру немесе қажетті білік-дағдыларын дамыту мақсатында;
- алған білімдерін тексеру немесе өзін-өзі бақылау, математикаға қызығушылықты арттыру үшін [65, 143 б.].

Математикалық есептерді шығарып үйрену үшін - жауабын іздеу барысында орындалатын әрекеттердің тәртібін білуі, сондай-ақ есеп шығару құрылымы туралы түсініктері болуы керек. Әсіресе, есеп шығару дағдыларын


игеру үшін, оқушылардың әрқайсысы есептерді шешу кезеңдерінің реттілігін қаншалықты түсінетіні өте маңызды.

Кез келген математикалық есепті шешу белгілі бір кезеңдерден және алгоритмдерден тұратыны белгілі. Белгілі математик-әдіскерлер математикалық есептерді шешудің түрлі кезеңдерін ұсынады: Л.Фридман есеп шығарудың 8 кезеңін, Ю. Колягин - 6 кезеңін, Д. Пойа - 4 кезеңін анықтады. Осы ғалымдардың математикалық есептерді шешудің кезеңдерін жіктеу әдістерін толығырақ қарастырайық:

3 – кесте. Математикалық есептерді шешудің кезеңдері

Автор	Математикалық есептерді шешудің кезеңдері
Д.Пойа [65]	1) есептің берілуін түсіну; 2) есепті шешу жоспарын құру; 3) жоспарды жүзеге асыру; 4) артқа қарау (алынған шешімді зерттеу).
Ю.Колягин [13]	1)есепті түсіну, 2)әрбір сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің мағынасын анықтау, 3)қарым-қатынасты белгілеу (есепте не туралы айтылды?), 4) шамалар (олар не дейді ?) 5) тәуелділіктер (бір немесе басқа мән қанша көп немесе аз?), белгілі және белгісіз (қандай шамалар белгілі, қайсысы жоқ?), 6)ізделініп отырыған талап (нені табу керек?).
Л.Фридман [66]	1.мазмұнды және логикалық талдау. 2.Шарттың сызбалық жазбасы (сызбаларды, графиктерді, математикалық символдарды және т. б. қолдана отырып, есептің баяндаушы моделін құру). 3. Шешімнің тәсілін (жоспарын) іздеу, оның теориялық негізін табу. 4. Шешімнің тәсілін (жоспарын) жүзеге асыру. 5.Табылған шешімді тексеру. 6.Есепті және табылған шешімді зерттеу 7.Жауапты тұжырымдау. 8. Есепті және оның шешімін оқу-танымдық талдау .

Әдіскер-ғалымдардың математикалық есептерді шешу кезеңдерін қорытындылай келе, біз негізгі 5 кезеңді айқындадық. 10-суретте математикалық есептерді шешудің негізгі кезеңдері көрсетілген.



10-сурет. Математикалық есептерді шешу процесі

Бірінші кезеңде шешімді және есептің құрамына кіретін барлық деректерді талдап, салыстыру керек, нені табу керек және есептен не белгілі екенін нақты білу керек.

Екінші кезеңде есептің мазмұнын модельдеу қажет, яғни, егер білім алушыға қажет болса, қысқаша жазба, сурет, сызбалар жасалады. Есептің қысқаша жазбасын (сызба) құру үшін не белгісіз екенін, не берілгенін және шарттың неден тұратынын жақсы білу керек. Есеппен жұмыс істеу барысында осы элементтер (берілгені – белгісізі-шарты) есептің басты бөліктері болып табылады.

Есептің шарты және моделін құруды анықтап алғаннан кейін есептің *шешу жоспары* жазбаша мәтінде жасалады. Ары қарай негіздей отырып математикалық есепті *шешуді жүзеге асыру* қажет. Есептің алынған шешімін тиісті түрде ресімдеу және қатесіз шешу керек. Соңында есептің шығарылуына тексеру жүргізу және қажет болған жағдайда есепті *шешудің басқа тәсілдерін* қарастырған жөн.

Студенттің жаңа жағдайларға бағытталу қабілеті, басқа есептерді шешуге немесе математиканың жаңа бөлімдерін оқу үшін пайдалы ақпарат жинауы, білім алушыны әртүрлі математикалық әдістерге үйретуі, шынайы ақиқатты тануы және т. б. қалыптастыруы негізгі міндет болып табылады.

Біз 7-суретте көрсетілген есепті шешудің негізгі кезеңдерін жүзеге асыруды қарастыруға болатын математикалық есептің мысалын келтіреміз.

№1 есеп. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату: $\frac{1}{\sqrt{a} + \sqrt{b}}$.

1) Бірінші кезең – есептің мазмұнын талдау.

a и b қандай мәнінде $\frac{1}{\sqrt{a} + \sqrt{b}}$ өрнегінің мәні болатынын анықтау керек.

Бөлшектің бөлімі нөлге тең болмағанда өрнектің мәні болады, яғни a и b - бірден нөлге тең болмайды, сондай-ақ. $\sqrt{a} \geq 0, \sqrt{b} \geq 0$.

2) Екінші кезең – есептің мазмұнын модельдеу .

$$\frac{1}{\sqrt{a} + \sqrt{b}} \Rightarrow \frac{\sqrt{a} - \sqrt{b}}{a - b}$$

3) Үшінші кезең – шешу жоспарын құру.

Бөлгішпен байланысқан өрнек, бұл $\sqrt{a} - \sqrt{b}$. бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату үшін, бөлшектің алымы мен бөлгішін өрнекке көбейту керек $\sqrt{a} - \sqrt{b}$.

4) Төртінші кезең - шешу жоспарын жүзеге асыру (шешу тәсілін іздеу)

$$\frac{1}{\sqrt{a} + \sqrt{b}} = \frac{1}{\sqrt{a} + \sqrt{b}} \cdot \frac{\sqrt{a} - \sqrt{b}}{\sqrt{a} - \sqrt{b}} = \frac{\sqrt{a} - \sqrt{b}}{a - b}$$

5) Бесінші кезең - табылған шешімді зерттеу

Алынған өрнектің $\frac{\sqrt{a} - \sqrt{b}}{a - b}$ – мәні бар, егер $a \geq 0, b \geq 0$.

«Есеп шартын түсіну → есепті шешу жоспарын құру → есепті шешу жоспарын жүзеге асыру → табылған шешімді зерттеу» тізбегі бойымен қозғалу математикалық есептерді шешу процесін көрсетеді.

Сонымен қатар математика пәнінің мұғалімі әрбір жеке алынған есептің шешімі жоғарыда аталған барлық кезеңдерді қамтуы керектігін түсінуі тиіс, саналы түрде барлық кезеңдерден өту материалды меңгеруді мақсатты әрі табысты етеді. Оқушылардың есепті шешудің осы аталған кезеңдерінің әрқайсысын орындауды ұйымдастырудың қарастырылған әдістерін толығымен қолдану көбінесе оқушылардың математикалық білім деңгейіне, тәжірибесі мен ойлау қабілеттеріне байланысты болады.

Есептерді шешу барысында оқушының ақыл-ой әрекетін іске қосатын тиімді шарттарды құруда көп жағдайда ойға салу жүйесі деп аталатын ерекше дидактикалық тәсіл қолданылады. Қосымша есептерден, сұрақтардан және т.б. тұратын ойға салу жүйесі оқушының ойлауын ауыстырмай-ақ оған дұрыс қажетті бағытты нұсқайды, яғни шешімді іздеуді мақсатты етеді.

Есепті шығару теориялық материалды жақыс түсінуге және меңгеруге, студенттің жалпы теорияны тәжірибеде қолдана білуіне көмектеседі. Мұғалім студенттерге негізгі есептерді шешу барысында құрамдас есептерді көре білуге, оларды құрастыруға үйретуі керек, өйткені осындай жұмыстың арқасында есептің шешімдерін табуға болады. Білім алушының өзінің есептерін алдын ала белгілі шарттар бойынша, осы есепке ұқсас есеп бойынша құрастыра білуі, т.б. өте бағалы болып табылады. Бұрын шешілген қарапайым есептерді біріктіру арқылы алынған күрделі есептерді шешу білім алушының білімін қолдануға, сол арқылы сабаққа қызығушылық тудыруға, тиісінше оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әрбір есепті шығарып болғаннан кейін артқа көз жіберіп, қолданған әдіске назар аудару, есепті шығарудың басқа жолдарын табуға тырысу, еске сақтайтын нәрселерді анықтау қажет. Өйткені есеп шығару математиканы оқыту барысындағы негізгі әрекет болып табылатындықтан, кейбір есептерді шешуді бірнеше жолмен ұсынуға болады.

Мысалы, логикалық есептерді логикалық ойлаумен; алгоритмдік есепті бағдарламалаудың түрлі әдістерімен, электронды кесте құралдарымен; графикалық есептерді кесте тәсілімен шешуге болады. Түрлі әдіс-тәсілдерді салыстыра отырып студент өзіне барынша жақын келетін және түсінікті тәсілді таңдайды.

Студенттердің шығармашылық сипаттағы дербес танымдық іс-әрекетке қабілеттілігін дамытудағы математикалық есептердің рөлі туралы айтқанда, проблемалық және қолданбалы сипаттағы математикалық есептерді оқыту процесінде сұрақ қоюдың пайдалылығын атап өтеміз. Мысалға, «Мұны қалай түсіндіресіз?», «Егер сұрақтың шартын ауыстырса, есептің шарты қалай өзгерер еді?», «Суреттің астындағы тікбұрышты жақтаудың ауданын қалай өлшеуге болады?» деген сұрақтар қоюға болады.

№2 есеп. «9 кітапты сөрелерге қанша тәсілмен орналастыруға болады?» .

Бұл есепті ықтималдық теориясы бойынша шешеді, комбинаторика формуласын қолдана отырып, студенттер оңай шешім таба алады, бірақ оған дейін сіз оларға өз шешімдерін әбден ойлауға, сөредегі кітаптарды орналастырудың барлық мүмкін болатын комбинацияларын сұрыптауға уақыт бере аласыз.

Есеп шығару барысында білім алушының оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің біріне өзіндік жұмыс тәсілі жатады. Білім алушы есептің шешімін табуды өз бетімен іздестіреді, жалпыланған мәліметтерді қарастырады, стандартты емес жолмен шешуге тырысуға болады, мұның бәрі оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін қажет ынталандыру болып табылады.

№3 есеп. Күнделікті өмірде интеграл ұғымын қайда қолдануға болады? Тапсырманың шарты қойылған. Студенттерге шешу тәсілін өздері табу ұсынылады.

Есептің шешу тәсілін таңдағанда студенттің жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Абитуриенттер ЖОО-на түрлі математикалық дайындық деңгейімен келеді, сондықтан есепті шешу процесінде оларға әр түрлі уақыт мөлшері керек. Есепті мақсатты түрде үй тапсырмасы ретінде беру керек, өйткені есептің шешімін табу процесінде оқулықтармен және басқа да анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеуге тура келетін бұрын өткен материалдарды қарау керек болады. Л.С.Выготскийдің пікірінше, білімді игеру білім алушының осы біліммен өз бетінше жұмыс істеуі барысында ғана жүзеге асырылады.

Сабақ кезінде мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі, бұл оқып-үйрену керек материалдармен барлық студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру қажеттілігі. Мұғалім сабақ материалын нақты жеткізе түсіндіріп, қалған уақытты оқылған материал бойынша студенттермен жұмыс істеуге жұмсауы

керек. Топтағы әрбір студенттің жұмысын бағыттау және бақылау қажет, сонда ғана оқытудың тиімділігі арта түседі.

Есеп теориялық білімді зерттеп-зерделеуде үлкен рөл атқарады және оқушылардың кеңістіктік ойлауын, шығармашылық қызметін дамытудың негізгі құралы болып табылады. Есеп ұғымды енгізуге, олардың маңызды қасиеттерін анықтауға, математикалық символика мен терминологияны игеруге, ұғымдардың басқа ұғымдармен байланысын ашуға ықпал етеді.

Математикалық есептерді шешудің көптеген әдістері өте маңызды логикалық сүйемелдеуге негізделгенін ескеру керек, сондықтан оларды білім алушылар жүйелі және мақсатты түрде қолданғанда ғана меңгере алады. Осы мақсатта білім алушыларға есептерді шешуде қолданылатын әдістердің мәнін түсіндіретін қысқаша әдіснамалық түсініктеме берген жөн.

Математикалық есептерді шешу барысында көп жағдайда алгоритмдер және тірек-логикалық сызбалар қолданылады. Алгоритмдер математикада ғана емес, адамзат қызметінің барлық саласында, мысалы, құрылыста үйлер мен көпірлер салуда қолданылады. Көптеген математикалық есептердің алгоритмдері бар, олардың нақты орындалуы белгілі бір сыныптың кез-келген есептерін шешуге әкеледі. Оған әртүрлі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдері, сандардың қосындысы мен көбейтіндісі, туындылар мен интегралдарды есептеу және т.б. жатады. Оқушыларға есептерді шешудің алгоритмін үйрету бойынша арнайы жұмыстар жүргізген жағдайда мұндай есептердің шешімін айтарлықтай жеңілдетуге болады.

Сондықтан математика үшін алгоритм математика негіздерінің іргелі түсініктерінің бірі болып табылады. Алгоритм - бұл бастапқы деректерді қажетті нәтижеге дәйекті түрлендіру процесін анықтайтын жалпы қабылданған және бізмәнді анықтама. Математиканы үйретудің кез келген деңгейінде алгоритмді оқытады. Алгоритмдерді тұжырымдай және қолдана білу тек математикалық ойлау мен математикалық дағдыларды дамыту үшін ғана маңызды емес, ол сонымен қатар ережелерді тұжырымдауды және оларды орындай білуді білдіреді.

Оқытудың алгоритмизациясы қазіргі білім беруде екі мағынада түсіндіріледі:

1. Білім алушыларға алгоритмді оқыту ;
2. Білім беруде алгоритмдерді құру және қолдану.

Әр есепті шешу қарапайым ішкі есептерді шешуден тұрады. Аралық есептер тізбегін (немесе бірізділігін) құра білу және оларды шешу көбіне негізгі есепті дұрыс шешуге көмектеседі. Біз өз тәжірибемізде алгоритмдік нұсқаулар деп аталатын қарапайым әрекеттердің арнайы сызбаларын құру арқылы осындай жұмысты орындауда оқушылардың дағдылы әрекетіне қол жеткіземіз.

Кейбір мұғалімдердің пікірінше, алгоритмдерді қолдану есеп шығаруда шығармашылық тәсілді шектейді, ал басқа жағынан алып қарағанда, курстың негізгі есептерін нақты білу және оларды шеше білу білім алушының өзіндік және шығармашылық жұмысын жандандыруға жақсы негіз болып табылады.

Мысал ретінде, алгоритмдеу процесін оқыту құралы ретінде суреттейтін сызықтық теңдеулер жүйесін қарастыруға болады.

Берілген блок-сызба бойынша жұмыс:

1. Оқушыларға сызбаны оқуды және оны пайдалана отырып, теңдеу жүйесінің түбірін табу ережесін тұжырымдау ұсынылады: «Екі сызықтық теңдеу жүйесінің түбірін табу үшін»;

2. Теңдеу жүйесінің түбірін табу барысында қиындықтар орын алған жағдайда, оқушыларға қатені түзеу үшін назар аударуы тиіс блок көрсетіледі;

3. Оқушыға теңдеу жүйесін шешу ұсынылады (алгоритм көмегімен): егер $k_1=3$, $k_2=-2$, $b_1=5$, $b_2=4$;

4. Оқушыға параметрлердің өзінің сандық мәндерін ұсынуға және сызбаға жүгіне отырып, теңдеулер жүйесінің түбірін табуға мүмкіндік беріледі;

5. Оқушының өзіне осы сызбаны пайдаланбай теңдеулер жүйесін шешу ұсынылады.

Жұмыс барысында оқушының есеп шығарудағы барлық қиналған тұстары белгіленеді және ол неден туындағаны анықталып, оны жою үшін жұмыс жасалады. Есептерді шешуге бағдарлау оқушыны есептерді шешудің жалпы сызбаларымен таныстыруға көмектеседі.

Алгоритмді құру үшін оқытудың мазмұны мен мақсатына, оқушының оны меңгерудегі әрекетіне, мұғалімнің оны меңгеруді ұйымдастыруына талдау жасау керек. Құрылған оқыту алгоритмі студенттердің ерекшеліктерін ескере отырып, теориялық және практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуы керек. Математиканы оқыту алгоритмдерінің мысалдарына: теоремаларды дәлелдеуге үйрету, есептерді шешуге үйрету және басқалар жатады.

Математикада белгілі бір үлгідегі есептер топтамасын шешу үшін оған алгоритм құрылған кезде, ол шешілген болып есептеледі. Алгоритм нақты операциялардың нақты реттелген санын көрсетеді, олардың нақты орындалуы есептің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді. Мұндай алгоритмдерді табу математиканың табиғи мақсаты болып табылады. Мысалы, алгебрада алгоритмдер орнатылған, олар алгебралық теңдеудің берілген коэффициенттері бойынша берілген теңдеудің қанша түрлі түбірі бар екенін (және қандай еселікпен) автоматты түрде анықтауға және осы түбірлерді кез келген дәлдікпен есептеуге мүмкіндік береді.

Математикалық есептер мен жаттығулардың тиімділігі айтарлықтай дәрежеде білім алушылардың оны шешу барысындағы шығармашылық белсенділіктеріне байланысты.

Бүгінде сыртқы ортамен қарым-қатынасқа қабілетті, сыртқы ортаға тез бейімделіп, қызметін атқаратын сауатты бітіруші-түлектер ауадай қажет.

Заманауи қазақстандық білім бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы керек, қазақстандық мектептердің бітіруші-түлектері білімдерін отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында жалғастыра алатындай деңгейде білім берілуі тиіс. Мемлекет пен қоғам мұғалімнің алдына - оқушының жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуына жағдай жасау, бітірушілерді жоғары функционалды сауаттылықпен қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Сондай -

ақ оқушылардың және барлық өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығы мәселесі ҚР Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында көрініс тапқан: "Сондай-ақ біздің балаларымыздың, жалпы барлық өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да үлкен назар аудару қажет. Бұл біздің балаларымыздың қазіргі өмірге бейімделуі үшін өте маңызды" [62].

Қазақстандағы әлемдік банктің тұрақты өкілі Жан-Франсуа Марто былай деген еді: «функционалдық сауаттылықтың төмендеу үрдісі оқушылардың оқу процесіне жеткіліксіз қатысуын көрсетеді, бұл білім беру жүйесінің тоқырауының белгісі болуы мүмкін. Мәселе тек Қазақстанда ғана туындаған жоқ, ол әлемнің көптеген елдерінде көрініс табуда және пандемияға байланысты күрделене түсуде» [76].

Қазіргі заман қоғамы білім беру саласының алдына жаңа мақсаттар қояды: адамның ақпараттық қоғамда үздіксіз білім алуын қамтамасыз ететін тұлғалық және кәсіби даму. Ақпараттық ағынға бағдарлана білу, алған білімін талдай білу, қолдана білу және түрлендіру – заманауи білімнің нәтижесі. Мектеп пен жоғары оқу орындарында білім берудің басты нәтижесі функционалдық сауаттылық.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі компонентіне алған білімін тек оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу және алған ақпаратты сыни бағалай білу, гипотеза жасау және зерттеу жүргізу, айтылған көзқарасты негіздеу қабілеттері жатады [77].

Функционалдық сауаттылықты дамытуға оның құрамдас бөлігі болып табылатын оқушылардың математикалық сауаттылығы ықпал етеді.

Функционалды математикалық сауаттылық – бұл адамның қолданбалы математикалық білім негізінде өмірі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті.

Математикалық сауаттылық түсінігінің мәні үш белгімен анықталады:


- заманауи әлемде математиканың мәнін түсіну;
- негізделген логикалық пайымдауларға пікір білдіру;
- математикалық білімін адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолдану.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, математикалық сауаттылықты дамыту бойынша іс жүзінде жүзеге асыру қолданбалы және интеграцияланған есептерді (математика және физика, математика және биология, математика және география және т.б.) шешу кезінде, қолданбалы математикалық дағдыларды арттыруға бағытталған элективті курстарды енгізе отырып, тестілеуді онлайн-режимде өткізе отырып жүзеге асырылады.

Тәжірибелік іс-әрекетте математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді тәсілдерінің біріне қолданбалы тапсырмалар жатады. Бұдан басқа тәжірибелік мазмұндағы есептерді шешу оқушының математиканы үйренуге деген қызығушылығын тудыруға көмектеседі. Мұндай тапсырмалар дәстүрлі сабақтың ұйымдастырылуын өзгертеді. Олар білімге,

кабілетке негізделеді және жинақталған білімді тәжірибелік іс-әрекетте қолдануды талап етеді.

12-суретте математикалық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған оқыту нәтижелері берілген.



12-сурет. Математикалық сауаттылықты қалыптастыру

Математиканы оқытудың қолданбалы және тәжірибелік бағытына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды құрал пәнаралық байланыстарды пайдалану болып табылады. Мұндай байланыстардың мүмкіндігі математика мен сабақтас пәндерде аттас ұғымдардың (вектор – математика мен физикада; матрицалар - математика мен информатикада, координаттар – математика, физика және географияда; теңдеулер – математика, физика, химия; функциялар мен графиктер – математика, физика, биология) оқылатындығымен түсіндіріледі. Түрлі оқу пәндерінде білім мен әдіс-тәсілдердің өзара енгізілуі қолданбалы және тәжірибелік тәуелділікті ғана білдірмейді, сонымен қатар ғылымның дамуының қазіргі заманғы үрдістерін көрсетеді, ғылыми дүниетанымның қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар тудырады.

Біздің заманымызда жақсы математика мұғалімі болу және оқушыларды есепті сауатты шығаруға үйрету үшін, күрделілігі әр түрлі деңгейдегі математикалық есептер шығару қажет. Есеп шығарудың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, есеп шығаруда оқушылардың ұжымдық және жеке қызметін ұйымдастыру керек. Сонымен қатар оқыту процесінде мұғалім математиканың қолданбалы бағытын және оның басқа пәндермен байланысын тереңірек түсінуге тырысуы керек.

Jonas Jäder, Johan Lithner, Johan Sidenvall [71, p. 1120] өздерінің еңбектерінде математикалық есептерді шешуге оқыту мен сабақ беруде қандай көмек бере алатынын жақсырақ түсіну үшін он екі елдің орта мектептеріне арналған математика бойынша оқулықтарды іріктеп, оларға талдау жасады.

Олар әрбір есепті қол жетімді үлгілерге ұқсатып шығаруға бола ма немесе есепті оқулықта берілген нұсқаулықтың көмегінсіз шешуге бола ма деген мақсатпен 5700-ден аса есепті әрбір оқулықта бұрын берілген ақпараттармен салыстыра отырып зерттеді. Олар он екі оқулықтың арасында ұқсастықтар бар екенін, мұнда есептердің көп бөлігін нұсқаулық ретінде алдын ала дайындалған үлгіні қолдану арқылы шешуге болатынын анықтады. Оқулықтардағы тапсырмалардың едәуір аз бөлігі алдын ала берілген қол жетімді есепті шешу алгоритміне сүйенбестен шешім құруды талап етті.

Әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы математикалық білім беру реформасына байланысты есептің рөлі мен атқарымын талдай отырып, есептің қойылуы оқыту әдістерін дамытудың ең маңызды сәттерінің біріне айналды деуге болады. Белгілі болғандай, аудиториялық уақыттың 50% - дан астамын оқушылар мен студенттер әртүрлі математикалық есептерді шешуге арнайды. Математикалық білімнің мазмұны түбегейлі өзгермесе де, қабілет пен дағды талаптарына баса назар аударылуда.

Математикалық есептерді тұжырымдау түрі өзгертілді (стандартты емес, логикалық, проблемалық, қолданбалы және т.б. назар бөлінеді), жанама түрде қойылады, сұрақты шешу үшін мәселені егжей-тегжейлі қарау қажет етіледі. Математикалық есептердің мазмұнын жаңарту функционалдық сауаттылықты және сыни ойлауды дамытуға, сонымен қатар алған білімді күнделікті іс-әрекетте қолдана білуге бағытталды. Көптеген есептер мен жаттығулар бұрынғыдан да күрделене түсті, олардың мазмұны математикалық егжей-тегжейлілікке, кестелерге, сызбаларға толы. Сондықтан педагогтардың алдында математикалық есептердің жаңа сыныптарын шешуге оқыту әдістері бойынша үлкен әдістемелік мәселелер қойылды.

Көптеген есептердің шешімі оқушыдан жақсы дамыған шығармашылық қабілетті немесе есептерді шешудің оңтайлы жолын іздей білу қабілетін талап етеді.

Сонымен, біз түрлі әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, есептің анықтамасын ұсындық, математикалық есептердің анықтамасы, рөлі мен мазмұны ашылды, есепке қойылатын талаптар негізінде математикалық есептерді шешудің негізгі түрлері, әдістері және кезеңдері берілді.

1.3 Болашақ математика мұғалімдерін оқытудың қолданбалы міндеттерін пайдалануға дайындау мәселелері

Бірқатар мемлекеттердің білім беру стандарттарында мектептегі математика пәнінің күнделікті өмірмен байланысының мәніне айрықша назар аударылады. 70-ші жылдары Голландияда алғаш рет «реалистік математика» бағдарламасы пайда болды. Аталған бағдарламаның мәні «реалистік математиканы» оқытудың білім беру мазмұнында оны тәжірибелік тұрғыда пайдалануға, яғни математикалық зерттеулерді қолданбалы есептермен (практикалық мазмұны бар есептерге) алмастыруға баса мән берілуіне негізделеді. Осындай оқыту процесін әдістемелік тұрғыдан қарастырғанда оның

нақты мазмұны толық болып және оқытушылар білім алушылардың өзіндік жұмыстарының маңыздылығына мән берді. Осыдан кейін көптеген батыс мемлекеттері білім беру бағдарламаларында аталған идеяларды пайдаланып, осы бағыттағы әзірлемелерді жалғастырды.

Реалистік математиканы оқытудың мақсаты математиканы оқыту процесін қолданбалы және мәнмәтіндік есептерді пайдалану есебінен қызықты және пайдалы сабақтарға түрлендіру болып табылады. Реалистік математика шеңберінде сабақтар оқушылардың білім және дағдыларының деңгейіне сәйкес келетін есептерді іріктеуден басталады. Осыдан кейін ұстаз білім алушыларға қолданбалы мәселелердің шешімін табу процесінде орын алған қиындықтарды еңсеруге көмек көрсететін көмекші-консультант рөлінде жұмыс жасайды. Реалистік математика математика бойынша оқыту материалы ұғымдары туралы түсінікті түбегейлі өзгертеді. Реалистік математиканы оқыту білім беру мәдениетін біршама динамикалы қалыпқа келтіріп, сонымен қатар, оның білім беру құндылығын сақтайды. Осы орайда, бүгінгі күні реалистік математика инновациялық білім беру технологиясы болып табылады, ол математиканың адам қызметінің бір саласы ретінде нақты өмірлік жағдаймен тығыз байланысты рөлін көрсетіп және оқытудың санақ басы ретінде қолданылады.

Адамдар өздерінің күнделікті өмірлерінде шешімін табуы тиісті жағдайлар жиі орын алады. Оларға көп жағдайда өз өмірлерінде қандай да бір қиыншылықтардың шешімін табу үшін күш-жігерлерін салады: мұндай адамдар неден бастап, қандай әрекетке баратынын, қандай шешім қабылдау керектігін білмейді. Студенттер нақты өмірлерінде тап болатын қиыншылықтарды еңсеруден қорықпауы үшін мектептегі білім беру барысында және ЖОО оқу кезінде математикалық әдістерді қолданып шешу оңай болатын ақиқатты көрсететін тапсырмаларды орындауының маңызы зор.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының академиялық еркіндікке ие болып, өз бюджетін еркін үйлестіруге және өзінің оқу орындарына сыртқы инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Сол себепті, жоғары оқу орындарының ірі кәсіпорындармен, компаниялармен, білім беру мекемелерімен және бизнестің басқа да салаларымен тығыз ынтымақтастыққа болуы өз кезегінде оқу орындарының дамуына және келешек мамандарын жұмыспен қамтамасыз етуіне әсерін тигізеді.

XXI ғасырда Industry 4.0 тұжырымдамасын орындау нысанында STEM – білім (Science (наука), Technology (технологиялар), Engineering (инженерия), Mathematics (математика) қағидаларын кіріктірудің маңызы зор. 2009 жылы АҚШ президенті Барак Обаманың бастамасымен «Educate to Innovate» (STEM Education Coalition, 2020) нысанындағы дидактика сегменті ретінде STEM - оқыту идеясы іске асырыла бастады. Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес (NSTC) STEM білім беру комитеті (CoSTEM) және ұлттық қауымдастықтың қатысуымен 2018 жылы желтоқсанда аяқталған «North Star (Поляр жұлдызы)», бес жылдық жоспарын әзірледі. STEM сәйкес бағдарламалары Қытай, Үндістан, Сингапур, АҚШ, Ұлыбритания, сонымен

бірге, Қазақстан, Ресей және Украинаны қоса алғанда, әлемнің көптеген мемлекеттерінде құрылып, жемісті жұмыс жасап отыр.

STEM-білім беру нарығының сұраныстарына жауап беру арқылы, ғылыми, технологиялық, инженерлік, математикалық, сондай-ақ ақпараттық және коммуникациялық құзыреттерді қалыптастырады. Бұл жағдайда кешенді, пәнаралық және жобалық тәсіл нақты өмірлік жағдайлар мәнмәтінінде қарастырылатын болады. Білім беру процесі пәндерді (математика + технологиялар + информатика) кіріктірілген қалыпта көрсету арқылы, теориялық білімді тәжірибеде пайдалануға бағытталған. Осы аталғандардың барлығы студенттердің тәуелсіздігі мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді [78].

Қарастырылып отырған STEM – оқытудың басты элементтерінің бірі студенттердің математикалық әзірлігі болып табылады, ол өз кезегінде болашақ математика мұғалімдерін дайындау бойынша жаңа талаптар белгілейді.

Қазіргі таңда студенттерді математиканы оқытуда нақты өмірде орын алатын туындайтын мәселелерді шешуде оның тәжірибелік маңыздылығын көрсету өте орынды. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде математиканы оқытудың қолданбалы бағыты мәселесіне тұрақты түрде назар аударылады. Осы уақытқа дейін ЖОО және орта мектептерде математика пәнін оқыту процесінде қолданбалы тапсырмалар (тәжірибеге бағдарланған) мәселесімен Қазақстан және ТМД мемлекеттерінің бірқатар әдіскер-ғалымдары айналысты. В.А.Далингер [79], Н.А.Терешин [14], И.М.Шапиров [16], М.Тажиева [80], М.В.Егупова [20], С.М.Сеитова [81], Р.А.Садвакасова [22], А.К. Бекболгановой [82], Е.А. Туякова [38,] және басқа да зерттеушілердің осы мазмұнда жазылған жұмыстары кеңінен танымал. Авторлар өз зерттеулерінде қолданбалы есептің анықтамасы, тәжірибеле бағытталған тапсырмалардың анықтамасын жасап, осындай тапсырмаларға қатысты белгіленетін талаптар және оқыту мотивациясын сипаттайды.

Шет мемлекеттерде жарияланған ғылыми еңбектерде қолданбалы міндеттерді анықтайтын бірыңғай терминология әзірленбеген (қолданбалы есептер, модельдеу есептері, реалистік есептер, тұрмыстық есептер, контекстік есептер)

Танымал әдістер-математиктердің зерттеулерінде: тәжірибеге бағытталған тапсырмалар мен тәжірибелік бағыттағы есептер (ҰБТ математикалық сауаттылық бойынша тесттері), тәжірибелік мазмұндағы есептер (И.М. Шапиро), тәжірибелік есептер (Л.М. Фридман), қолданбалы есептер (Н. А. Терешин) ұғымдарының ешқайсысына анықтама берілмеген.

Соңғы 30 жыл уақыттың ішінде зерттеушілердің осы мәселеге баса назар аударылып отырғанына қарамастан, «қолданбалы есеп» ұғымын терминологиялық тұрғыдан біржақты зерттемегенін айта кету керек. Дегенмен де, педагог -ғалымдар «қолданбалы тапсырма» терминіне қатысты әр түрлі анықтамалар айтты. 4-кестеде педагогикалық ЖОО және орта мектептерде математиканы оқыту барысында «қолданбалы есеп», «тәжірибеге

бағытталған тапсырма», «мәтіндік есеп» ұғымдарының терминологиялық түсіндірмелеріне талдау жасалған.

4 кесте - «Қолданбалы тапсырма», «тәжірибеге бағытталған тапсырма», «мәтіндік тапсырма» ұғымдарын түсіндіру

№	Термин, автор	Терминнің мазмұны
1	2	3
1.	Терешин Н.А., [14, 12 б.]	«Қолданбалы есеп - математиканың шеңберінен тыс жасалған, бірақ математикалық құралдармен шешілетін» тапсырма ретінде түсіндіреді.
2.	Столяр А.А. [15, 145 б.]	Ғылымның, техника немесе тәжірибелік қызметтің (математикадан басқа) қандай да бір саласында мазмұны математикаға жатқызылмайтын есептердің пайда болуы. Ол есептер физикалық, биологиялық, химиялық, техникалық және т. б. болуы ықтимал. Бірақ осындай тапсырмаларды орындау үшін математикалық құралдар қажет болған жағдайда (математикаға қатысты) оларды қолданбалы деп атайды.
3.	Шапиро И.М. [16, 5 б.]	Тәжірибелік мазмұны бар математикалық есеп түсінігі қолданбалы сипаттағы есеп түсінігіне балама ретінде қарастырылады. Тәжірибелік мазмұны бар математикалық есептертер (қолданбалы сипаттағы есептер) «фабуласы математикамен байланысты оқу пәндеріндегі қосымшаларын ашатын, оны ұйымда, технология мен заманауи өндіріс экономикасында, қызмет көрсету салаларында, күнделікті өмірде, тұрмыстық операцияларда қолданумен таныстыратын есеп» ретінде көрсетеді.
4.	Егупова М.В. [20, 126 б.]	Математиканы практикалық қолдануды оқытуға бағдарланған қолданбалы есептер - математикалық моделі мектептегі математика курсының көмегімен құрылуы мүмкін нақты нысанның (жағдаят, құбылыс, процесс) мазмұнды моделіне негізделген тапсырмалар.
5.	Эрентраут Е.Н. [34, 24 б.]	Тәжірибеге бағдарланған есептер- бұл тәжірибелік жағдайларда математикалық теорияның қолданылуын көрсететін сюжеттік есептердің айрықша түрі.
6.	Сеитова С.М. [83, 9-10 б.]	Қолданбалы есептер ғылым саласын өмірмен, күнделікті өмірге қажетті жағдайлармен байланыстырады.
7.	Туяков Е.А. [38, 4 б.]	<i>Мәтінмәндік есеп</i> ұғымы қолданбалы есеп ұғымына немесе пәнаралық сипаттағы есептерге балама түсінік ретінде қарастырылады. Мәнмәтіндік есептер деп тәжірибелік қажеттілікке негізделген есептерді (тәжірибеге бағдарланған есептер) атайды.
8.	Пискунова Е.В., Белкина Н.В., Обухович В.В., Шевцова Д.Н. [84, 6 б.]	<i>Тәжірибеге бағдарланған есеп</i> -бұл дидактикалық сипатта ғана емес, сонымен қатар, сипатталған жағдайдың сенімділігі мен оны мектеп курсының көмегімен шешудің қол жетімділігі.

9.	Фридман Л.М. [66]	<i>Мәтіндік есептер</i> деп белгілі бір сандық сипаттамаларды табу үшін белгілі бір сюжеттер сипатталатын есептерді айтады.
10.	Blum W., Niss M. [40, 37-38 б.]	Математикалық есептерді екі түрге жіктейді: қолданбалы математикалық есептер және таза математикалық есептер. Қолданбалы математикалық есептерге қатысты жағдаят және оны анықтайтын мәселелер нақты әлемнің белгілі бір сегментіне қатысты болады және кейбір математикалық ұғымдарды, әдістер мен нәтижелерді қолдануға жағдай жасайды. Нақты әлем дегеніміз-математикадан тыс «әлемнің басқа бөлігі», яғни математикадан өзге мектеп пәндері немесе ЖОО пәндері немесе күнделікті өмір және қоршаған әлем.

Алайда, М.В. Егупова [20] Н.А.Терешиннің «қолданбалы есепке» берген анықтамасы жалпылама сипатта деп есептейді, себебі, оның математика ғылымына және мектептегі математикаға қатысты қолдануға болатынын айтады. М.В. Егупова ұсынған қолданбалы математикалық есепті түсіндірмесі (4 кесте) біршама ауқымды және «қолдану мәселесі» ұғымын да қамтиды. Соңғысың екі топқа жіктеуге болады: математиканы қолдануды үйренуге арналған есептер және оны қолдану арқылы математиканы оқуға арналған есептер. О.В. Мишенина[48] жоғары математика бойынша оқулықтарда тәжірибелік есептердің бар болуына қарамастан, олардың мазмұны қоғамның қазіргі дамуы кезеңіне сәйкес еместігін айтады. Білім алушылардың бойында қандай да бір дағдыларын дамыту, оқу материалды есте сақтау үшін осындай тапсырмаларды жаңарту және оларды күрделі тақырыптарды оқыту барысында пайдалану керек.

Математиканың әртүрлі бөлімдерінен алынған білім адамның тәжірибелік іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады, сол себепті, математиканы зерттеуде математикалық есептердің шешімдерін табудағы олардың ассимиляциясы мен қолданылуын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге, адам қызметінің әртүрлі салаларында туындайтын есептерді шешу үшін де осы білімді қалыптастыру маңызды. 4-кестеден ғалымдардың көпшілігі осындай шеберліктің қалыптасуының бір жолы қолданбалы/тәжірибеге бағытталған/мәтіндік тапсырмалар деп есептейтінін байқап отырмыз.

Жоғарыда мазмұндалғандарды қорытатын болсақ, «қолданбалы есеп - бұл ғылымның, техниканың және нақты әлемнің әртүрлі салаларында пайда болатын, математикалануы тиісті мәселе» деген ойға келеміз.

4-кестеде берілген анықтамаларын талдау арқылы, тапсырмалардың осы екі түрі («қолданбалы есеп», «тәжірибеге бағдарланған есеп») білімді іс жүзінде қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді деп айта аламыз.

Кейбір әдістемелік әдебиеттерде қолданбалы және тәжірибеге бағдарланған есептердің аражігі минималды болады. Оларды кеңінен қарастырамыз. Тәжірибеге бағдарланған есептерде сипатталған жағдайлардың нақты нысандары болады.

Тәжірибеге бағдарланған есептерге келесі есептер мысал бола алады:


№4 есеп Егер қарбыздың диаметрі шиенің диаметрінен 15 есе үлкен болса, қарбыздың көлемі шиенің көлемінен неше есе артық?».

№5 есеп Қабырға сағатының минут тілі бір апта ішінде қанша жол жүріп өтеді? Тілінің ұзындығы-12 см.

Қолданбалы есептерге мысалдар келтірейік:

№ 6 есеп. N қаласында сыйымдылығы 4000 м^3 шаршы негізі бар бассейн салыны жатыр (13-сурет). Бассейннің өлшемдерін қаптама материалының саны минималды болатындай (м^2) анықтау керек.

Есептің мәні қаптама материалдарын сатып алу үшін қажетті мөлшерін анықтауға негізделеді.



13 сурет - Шаршы негіздемесі бар бассейн.

Жоғарыда мазмұндалған үш есепті қарастыру нәтижесінде келесідей тұжырым жасауға болады:

1) тәжірибеге бағдарланған есеп қолданбалы болып табылмайды, мұнда нақты нысандар бар (шие, қарбыз, сағаттың минут тілі) бірнеше жасанды жағдайларды қалыптастыра отырып, тек терминологиялық фонды белгілейді, ал есептің өзі көлем мен шеңбер ұзындығы ұғымдарын бекітуге арналған.

2) жоғарыда қарастырылған қолданбалы тапсырмада нақты нысандары бар (шаршы негіздемесі бар бассейн), алайда, алынған нәтижелерді тәжірибелік қызмет барысында қолдануға болады.

М.В.Егупованың пікіріне сүйенсек, «мектепте қолданылатын мәтіндік тапсырмалардың көпшілігі жасанды, ақиқаттан алыс (сатып алу және сату, бірлескен жұмыстар, қозғалыс және т.б. қатысты есептер) сипатта болады.. Мәтіндік есептердің аз ғана бөлігі, олардың мазмұны математиканың қосымшаларын неғұрлым сенімді түрде көрсетеді және іс жүзінде ғылыми және өндірістік тәжірибеде шешімін табуы тиісті болатын қолданбалы есептерге жақын болуы ықтимал» [20, 127 б.].

А.Л.Қияқбаева өз зерттеулерінде «қазіргі қолданылып жүрген оқулықтарда берілген мәтіндік есептерді қолданбалы деп есептеуге болады, алайда, олардың көпшілігі білім алушыларды сипатталған құбылыстардың сандық сипаттамаларын анықтауға бағыттайды: «велосипедшінің, мотоциклшінің, автобустың, пойыздың, кемеңің, өзен ағымының жылдамдығын табу және т.б.».. «Велосипедші, мотоциклші, автобус және т. б. қанша сағат жұмсады?. Осы мазмұндағы есептердің оқушыларды тапсырмада көрсетілген

байланыстардың сандық сипаттамасын белгілеуден олардың мәнін анықтауға бағыттау үшін қайта өзгерту қажет екені анық» [85].

Осы үш ұғымға талдау жасау арқылы, қолданбалы есеп ұғымы тәжірибеге бағытталған және мәтіндік есеп (14-сурет) түсініктеріне қарағанда біршама ауқымды деген пікір айта аламыз, себебі, қолданбалы есептерді шешуде оның нәтижесі нақты тәжірибелік қолдануға алып келеді.



14сурет - Қолданбалы есеп, тәжірибеге бағдарланған есеп және мәтіндік есеп ұғымдарының көлемдік қатынасы

Соңғы жылдарда ЖОО математикалық пәндерді оқытуда орын алып отырған кемшілік түрлі бөлімдерді оқыту барысындағы қолданбалы бағыттың жеткілікті қолданылмауы болып отыр. Студенттер тәжірибелік сабақтар барысында күнделікті өмірде еш уақытта пайдалану мүмкін болмайтын көптеген стандартты математикалық есептерді шығарады. Осындай қате түсініктерді жою мақсатында кез-келген математикалық есеп тұрақты түрде қолданбалы және кері байланысты бола алатынын көрсетудің кез-келген мүмкіндігін қолданған дұрыс.

Бүгінгі күні қолданбалы математикалық есептерді сегментациясы біршама ауқымды Дегенмен, оларды әзірлеушілердің мүмкіндіктері аралас пәндер мен басқа да салалар бойынша кәсіби дайындығының жеке деңгейімен анықталатынын да айта кету керек. Ұсынылып отырған қолданбалы математикалық есептердің мысалдары студенттердің дайындық деңгейіне, құзыреттілігіне және оқу орнын аяқтағаннан кейінгі кәсіби жұмыс орнына байланысты олардың нұсқаларының шексіз сипатта екенін көрсетеді (5-кесте).

5 кесте- Қолданбалы математикалық есептердің мысалдары

Математика бөлімі	Есептің мазмұны	Тәжірибелік қызметтің түрі
1	2	3
Стереометрия	Сыйымдылығы 1 литр сүтке арналған	Сүт өнеркәсібі

	қаптама параллелепипед пішінінде, негізінде шаршының пішіні бар қаптама	
	дайындалған. Негіздеме қыры мен қаптаманың биіктігі арасындағы қаптама қағазының құны минималды болатын қатынасты анықтау қажет.	Сүт өнеркәсібі
Аналитикалық геометрия	Екі түрлі көлік құралдарына арналған тасымалдау шығындары (y) функциялармен анықталады. $y = 150 - 50x$ (бірінші көлік түрі үшін) және $y = 250 + 25x$ (екінші көлік түрі үшін), мұндағы x -жүз шақырыммен өлшенетін арақашықтық. Көліктің екінші түрін қай қашықтыққа пайдалану тиімді екенін анықтау керек.	Логистика
Алгебра	Кәсіпорын өнім n –түрлерін өндіреді, матрицамен берілген өндіріс көлемі $A_{j \times n}$. j – өңірдегі i – өнім түрінің бағасы $B_{n \times k}$ матрицамен белгіленеді, мұндағы k – өнім сатылатын өңірлердің саны. Өңірлер бойынша бойынша C –түсім матрицасын табу қажет.	Экономика
Дифференциалдық есептеу, туынды	Адам ағзасының дәрілік құралдың екі түріне уақытқа тәуелді реакциясы t (сағатп) $r_1(t) = t \cdot e^{-t}$ және $r_2(t) = t^2 \cdot e^{-t}$ теңдеулерімен сипатталады. Адамға қандай дәрі жылдам, қайсысы баяу әсер көрсетеді.	Медицина
Дифференциалдық есептеу, туынды	100000 теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты банкке жылдық 20% салынып немесе бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін. Соңғы жағдайда салымның тиімділігі 30% болатыны қарастырылған. Бұл жағдайда пайда квадраттық тәуелділікпен анықталады және оған $p\%$ салық салынатын болады. p қандай мәндерінде бағалы қағаздарға салым банкке ақша салумен салыстырғанда тиімдірек болады?	Қаржы

Қолданбалы бағыттылық физика, химия, биология және басқа да оқу курстарымен байланысты іске асыруды қоса алғанда, техниканың алуан түрлі салаларын зерттеу және қолданумен байланысты бағдарды қамтиды; компьютерлік техниканы кеңінен пайдалану және компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету, ойлау мен әрекеттің математикалық стилін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Қолданбалы және тәжірибелік бағыттар өзара тығыз байланысты болады. Математиканы оқыту процесінің тәжірибелік бағыттылығы оның мазмұны мен әдістерін есептерді шығару процесінде математикалық теорияны зерттеуге, студенттердің бойында өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға бағыттауды қарастырады. Математиканы оқытудың қолданбалы және тәжірибелік бағытын іске асырудың жолдары

біршама ауқымды әдістемелік мәселе. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін қолдану тиімді болатын негізгі құралдардың бірі қолданбалы есептер болып табылады (тәжірибелік мазмұны бар тапсырмалар).

Математика пәнінен алған білімі адамға тәжірибелік қызметін іске асыру барысында қажет, сол себепті, математиканы оқытуда олардың математикалық есептерді шығару барысында олардың игерілуі мен қолданылуын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге адам қызметінің әртүрлі салаларында туындайтын есептерді шешу үшін осы білімді қолдану қабілетін қалыптастырудың маңызы зор. Осындай біліктілікті қалыптастыру құралдарының бірі-қолданбалы есептер. Қолданбалы сипаттағы есептер математиканың геометрия, физика, химия т.б. пәндермен пәнаралық байланыстарын іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осындай есептер математикалық аппаратты биология, химия, информатика және т. б. басқа ғылым саллаарындағы тәжірибелік мәселелердің шешімі табуда қолдану мүмкіндігін көрсетуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.


Өкінішке қарай, жоғары оқу орындарына, атап айтқанда математика ББ студенттеріне арналған математика оқулықтары мен тест кітапшаларында басым түрде тәжірибелік қызметін барысында математикадан алған білімін қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етпейтін стандартты тапсырмалар болады. Ұсынылып отырған есептер көп жағдайда студенттерді алдын-ала анықталған алгоритм бойынша жұмыс жасауға дағдыларындырады, бұл назардың, қабылдаудың, есте сақтаудың, қиялдың, ойлаудың, шығармашылықтың дамуына, мақсаттарға жетуге аз да болса септігін тигізеді. Дүниеге көзқарас және оқу пәніне деген қызығушылықты дамытуға арналған есептер аз, қолданбалы және кәсіби бағытталған есептер одан да аз. Осы орайда, математика ББ студенттеріне арналған математикадан заманауи оқу құралдарындағы жүйелер мен есептер кешені ЖОО математиканы оқыту процесінде жаратылыстану-ғылыми саладағы болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін жеткіліксіз болып табылады [20].

Ілияс Жансүгіров атындағы ЖУ «6B01501 – Математика» ББ мақсаты ҚР білім беруді басқару органдарында, білім беру мекемелерінде және ғылыми-зерттеу білім беру ұйымдарында ғылыми, педагогикалық, кәсіби-практикалық қызметті жүзеге асыру үшін математика бойынша іргелі білімі, инновациялық тәсілдері, зерттеу дағдылары бар бәсекеге қабілетті жаңа формациядағы мамандарды даярлау болып табылады.

6B01501 – Математика мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасы бойынша біліктілік алып шыққан түлек жалпы кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс, атап айтқанда, әртүрлі міндеттерді шешу әдістемесін меңгеруі тиіс, оқу жұмысында пәнішілік және пәнаралық байланыстарды іске асырып, логикалық пайымдау жүргізуге, тұжырымдамаларды аргументтерге негіздеуге және көптілді ортада ауызша және жазбаша нысанда математикалық білімді дұрыс ұсынуға қабілетті болады. Кәсіби құзыреттерге бакалавриат бағдарламасы бағдарланған кәсіби қызмет түріне сәйкес оқыту нәтижелерін жатқызуға болады, олардың қатарына: математикалық әдістермен бақыланатын фактілер

мен құбылыстарды талдау және синтездеу, іргелі математикалық түсініктерді білу және түсінуі, математиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттерді орындау, математикалық пайымдау әдістерін, математикалық терминологияны, кәсіптік деңгейде үлгілік есептерді шешу тәсілдерін меңгеру дағдылары жатқызылады.

Ілияс Жансүгіров атындағы ЖУ «6B01501-Математика» ББ талдау арқылы, 2017-2020 жылдар аралығында математикалық пәндер бойынша сағаттар (кредиттер) санының кемігенін байқай аламыз. Жасалған талдау 15-сурет түрінде ұсынылған.



15 сурет - 2017-2020 жылдардағы математикалық пәндер саны.


Жоғарыдағы кестеде берілген математикалық пәндерді оқуға арналған академиялық кредиттер санының азайғанын байқаймыз, яғни қолданбалы бағыттағы есептерді шығаруға арналған кредиттер саны азайған.

Мысал ретінде «Математикалық талдау» пәнін қарастыруға болады, 2019 жылдан бастап аталған пән 3 семестр оқылатын болған, ал алдыңғы жылдары пән 4 семестр бойы оқытылып келген. Осының нәтижесінде, математикалық пәндер бойынша академиялық сағаттар санының кемуі болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындық деңгейінің төмендеуіне алып келетінін айтып кету керек.

PISA халықаралық зерттеуінің математикалық бөлімі - бұл математика арқылы шешуге болатын нақты түйіткілді жағдайларға тән типтік емес математикалық есептер ұсынатын тест. Тест тапсырмаларының жауаптарының әр алуан түрлі нұскалары: жауапты таңдаумен, қысқа нысанда берілген жауап беру, еркін түрде толық жауап беру ұсынады.

Біздің білім алушыларымыз PISA тестіне қатысуы біздің мемлекеттегі жалпы білім беру саласын дамыту тұрғысынан өте маңызды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері біздің білім беруді жаңғыртудың басты бағыттарын анықтайтын коррективалар болып табылады, сонымен бірге, оның алдағы жағдайын болжайды.

Қазақстанның PISA зерттеулеріне қатысуының соңғы кезеңдерінің қорытындылары (16-сурет) біздің білім алушылар күрделілік деңгейі жоғары қолданбалы математикалық есептерді шығаруда қиналатынын көрсетіп отыр.



16-сурет - PISA халықаралық зерттеулеріндегі қазақстандық оқушылардың нәтижелері

Біздің оқушылар білім мен пәндік дағдыларды көрсететін тапсырмаларда жоғары нәтижелер көрсетеді, алайда, осы білімдерін қолдануды қажет ететін тапсырмаларды орындай алмайды. Математикалық және жаратылыстану-ғылыми тапсырмаларды сәтті орындау оқушылардың оқу күзіреттілігінің деңгейіне тікелей тәуелді болып табылады. Халықаралық емтиханның тест тапсырмаларының тақырыптары білім алушылардың ауқымды ақпаратты қамтитын қолданбалы есептерді шешудің дұрыс жолдарын өз бетінше іздестіруін қарастырады.

PISA халықаралық зерттеуі қазақстандық оқушылардың алдында тұрған келесі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді:

- көлемді мәтіндерді қабылдау қиын болады (әсіресе тұтас емес мәтіндер, бірнеше дереккөздері, қарама-қайшы ақпараты бар мәтіндер);
- көптеген параметрлер мен шарттарды ескеруді талап ететін тест тапсырмаларында қиындықтар туындайды;
- бірнеше оқу пәндерінен білімді қолдануды қажет ететін тапсырмалармен жұмыс барысында қиыншылықтар орын алады;
- ақпаратты жалпылау және қорытындылау қажет болғанда қиындық туындайды [86].

Жоғарыда мазмұндалғандай, біздің білім алушылар білім мен пәндік дағдыларды көрсету қажет тапсырмаларды орындау барысында жоғары жетістіктер және аталған білімді қолдану қажет тапсырмаларды орындай алмайды. 6-кестеде «Математика» пәнінен TIMSS-2019 және PISA-2018 халықаралық зерттеулері бойынша қазақстандық оқушылардың нәтижелері берілген.

6 кесте -»Математика» пәні бойынша TIMSS-2019 және PISA-2018 бойынша Қазақстанның нәтижелері

TIMSS-2019, математика	PISA-2018, математика
Қазақстан 512 Халықаралық орташа балл 500 Рейтингтегі орны: 9 (39 мемлекет қатысқан)	Қазақстан 423 Халықаралық орташа балл 489 Рейтингтегі орны: 53 орын (79 мемлекет қатысқан)
Зерттеудің мақсаты- білім беру жүйелері әр түрлі мемлекеттердегі орта мектеп оқушыларының жаратылыстану-математикалық бағыттағы дайындықтарын салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне ықпалын тигізетін факторларды анықтау	«Міндетті жалпы білім алған 15 жастағы білім алушылар заманауи қоғамда толық түрде жұмыс істеу үшін, яғни адам қызметінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы кең ауқымды міндеттердің шешімін табу үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгере алады ма?»

2018 жылғы математикалық сауаттылық деңгейі бойынша PISA зерттеуінде ҚР оқушылары Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур және Малайзия секілді Азия мемлекеттерімен салыстырғанда біршама төмен нәтиже көрсетті. PISA тестілеу нәтижелері - ҚР мектептерінде математиканың тәжірибелік қосымшаларын оқытуға қатысты әдістемелік мәселелердің болуының салдары. Осыған орайда, бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келуі тиісті білім беру жүйесін кешенді жаңарту қажеттігі қалыптасып отыр.

Жоғарыда аталған түйткілді мәселелерді талдау арқылы, біз бір жағынан жалпы білім беретін мектептерде оқытудың қолданбалы бағытын іске асыруға жеткілікті назар аударылмайтынын байқап (PISA нәтижелері негізінде), екінші жағынан, жоғары оқу орындарында математикалық бейіндегі академиялық сағаттарды қысқарту барысында қолданбалы есептерде де көңіл бөлінбеуі орын алады деген қорытынды жасай аламыз.

Бұл тұрғыда қолданбалы есептерді шешуге деген қызығушылық артып отыр, орта білім беруде оларды «математикалық сауаттылық» пәні бойынша ҰБТ тест тапсырмаларының құрамына қосылады. Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары жаңартылады. ҚР білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ҰБТ мазмұнына PISA, SAT және т.б. халықаралық зерттеулердің тест тапсырмаларымен теңдес деңгейдегі тест тапсырмалары енгізілетіні көрсетілген [75].

Оқу бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарастыруды қажет етеді. Қорытынды аттестаттауды өткізудің нысаны және оның нысаны, ҰБТ мазмұны қайта қарастырылып, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулер, сондай-ақ SAT тестілері және т.б. құралдарымен ұқсастығы бойынша функционалдық

сауаттылық пен құзыреттілікті анықтауға бағытталған сұрақтарды қосылатын болады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарына жүктелген басты міндеттердің бірі- оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру мақсатында болашақ математика мұғалімдерін дайындау. ҰБТ бойынша тест тапсырмаларына 2014 жылдан бастап логикалық ойлауды қажет ететін тапсырмалар қосылды. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мәселесінің маңыздылығы қоғамдық өмірдің үш басты саласы: ғылым, өндіріс, білім берудің бүгінгі қажеттіліктеріне тәуелді болып отыр. Аталған мәселенің маңызды құрамдауышы және оны сәтті шешудің қажетті шарты - оқушыларға математикалық сауаттылықты оқыту. Математика пәнін оқыту барысында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың және логикалық ойлауын қалыптастырудың тиімді құралы қолданбалы есептер болып табылады.

Белгілі бір математикалық пәнді оқу процесі студенттерге осы пәнге қатысты белгілі бір ақпаратты, белгілі бір білім мөлшерін және белгілі бір дағдыларды қалыптастыруды жеткізуді мақсат етеді. Ұстаздар ЖОО және мектептерде тек білім берумен шектелмей, одан да маңызды - пәнді қандай да бір дәрежеде игеруге үйретуі керек.

Студенттердің танымдық қызметі қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешуі негізінде жүзеге асырылады. Қолданбалы есептер мен жаттығулар оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару тәсілі ретінде қолданылады. Бұл жағдайда жаттығулар мазмұнды болуы керек, жасанды жаттығулар оқу процесінің тиімділігін төмендетуімен ерекшеленеді. Осындай есептер мұғалімге математиканы оқыту процесінде элементтері мектептегі математика курсына оқытылатын қолданбалы математика бойынша студенттерге алғашқы білім беруге жағдай жасайды. Қолданбалы есептерді шығару студенттердің ғылыми материалдарды зерттеу барысында танымдық және зерттеушілік қызметін жандандыруға нақты мүмкіндік береді [49].

Мектептегі және ЖОО математика бойынша білім беру бағдарламаларында осындай есептер жетекші рөлге ие болады. Мұғалім қандай да бір оқыту мақсатын іске асыру үшін құралдар, әдістер мен әдістер жиынтығын таңдауға тиісті болады. Сонымен қатар, білім алушылардың пәнді меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге, олардың дамуы мен тәрбиесіне, сондай-ақ оларды тәжірибелік қызметі барысында қолдануға ықпал ететін бағдарламалық материалды зерттеумен байланысты мәселелерді тұжырымдау қажет.

Қазіргі жағдайда математикалық білім берудің айрықша сапасын қамтамасыз етуге қабілетті кәсіби әзірліктен өткен педагог мамандарды даярлау маңызды міндет болып табылады. Бұл қоғамның дамудың аталған кезеңінде көптеген іс-шаралардың дамуы алынған математикалық дағдыларды іс жүзінде қолдана алатын болашақ мамандарды даярлау үшін математикалық білімді рәсімдеуді талап етуімен тығыз байланысты. Осы мақсатта мектептегі математика пәнін оқытатын ұстаздар мен ЖОО оқытушылары өз пәндерін

оқыту барысында оқытудың қолданбалы бағытының элементтерін пайдаланғаны дұрыс [87].

Қазақстанның барлық мектептері 2021 жылдан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына ауысты, ол үшін ұстаздар сәйкес курстардан өтіп, жаңа технологиялар бойынша жұмыс жасауға дайындалды. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру стандарттарында оқушылардың алған білімдерін өздерінің болашақ кәсіби қызметінде қолданудың маңыздылығы атап көрсетілген.

Белгілі бір математикалық пәнді үйрету процесі білім алушыларға аталған пәнге қатысты қандай да бір ақпаратты, белгілі бір білім мөлшерін хабарлау және белгілі бір дағдыларды қалыптастыру мақсатын белгілейді. Ұстаздар ЖОО және мектептерде тек білім берумен шектелмей, одан да маңызды - пәнді қандай да бір дәрежеде игеруге үйретуі керек.

Қазіргі таңда студент-математиктерді қолданбалы есептерді шығару әдістемелері бойынша оқыту оны орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында жұмыс жасауға дайындау бағдарламасында аса маңызды болып отыр.

Забелина С.Б. және Пинчук И.А. «педагогикалық ЖОО математика мұғалімінің әдістемелік дайындығына назар аударылған жағдайда, студенттерді тәжірибеге бағытталған оқыту әдістемесімен таныстырып олардың өзін қоршаған әлемдегі математикалық заңдылықтарды анықтау дағдысын қалыптастырған жағдайда, мәселелердің шешімін табуға болады, нақты түйткілді мәселелерді шешуде математикалық білімді қолдану мүмкіндігі мен қажеттілігін бағалап, орта мектептегі ұстаздарды осындай қызметке дайындау керек» [35].

ҚР жалпыға міндетті білім беру стандарттарына 2018 жылы барлық білім беру деңгейлері бойынша өзгерістер енгізілді және ғаламдық трендке негізделіп, оқушылардың білімін күнделікті өмірде пайдалана білуін қалыптастыруға баса назар аударылды. Мысалы, 2018 жылғы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Математика және информатика» білім беру саласын игере отырып, келесі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс екені атап көрсетілген:

- білім алушылардың математикалық мәдениетін және білім берудің келесі деңгейлерінде табысты оқу, сондай-ақ қолданбалы есептерді шешу үшін қажетті математикалық білім мен білік жүйесін дамыту;

- жалпы орта білім деңгейінде оқуды жалғастыру және сабақтас пәндерді оқу, оларды күнделікті өмірде қолдану үшін қажетті негізгі математикалық білімдер мен дағдыларды игеру [88].

Bushmeleva N.A және т. б. авторлар мектептегі математика сабақтары барысында тәжірибелік бағыттағы тапсырмалар сирек қолданылатынын және күнделікті өмірдегі жағдайларға талдау жасалмайтынын айтқан, нәтижесінде оқу процесі өте күрделі және білім алушының нақты өмірінен шалғай нәрсеге айналады, бұл пәнді оқуға деген қызығушылықтың жоғалуына әкеледі, осының салдарынан білім сапасы да төмендейді [11, р. 3].

Математик-студенттерге білім беру процесінде қолданбалы есептерді пайдаланудың әдістері, олардың қолданбалы бағыттылығы және есептердің трансформациялық қызметтегі орны, негізгі және нақты және математикалық құбылыстар арқылы көрініс пен қоршаған әлемнің фактілері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Математиканы пән ретінде оқытудың қолданбалы бағытының басты әдістерінің бірі математикалық модельдеу болып есептеледі. Н.А. Терешин, Л.М. Фридман және басқаларының пікірінше, аталған әдісті пайдалану математиканың әмбебаптығын көрсетіп және табиғаты жағынан әр алуан процестерді бейнелеуді біріктіруге мүмкіндік береді. Оларды математикалық өрнектер түрінде жазумен шектелместен, жауаптарының дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні математика мамандығы бойынша студенттерді оқытудағы өзекті мәселелерді анықтау және оқу процесінде қолданбалы есептерді пайдаланудың біршама тиімді әдістерін анықтау қажеттілігі орын алып отыр.

Ғылыми және оқу-әдістемелік дерек көздеріне жасалған талдаулар математик мамандығы бойынша студенттерге білім беру барысында қолданбалы есептерді пайдалану мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Қолданбалы есеп немесе табиғи математикалық тілде тәжірибелік қосымшалармен байланысты есеп тұжырымдалатыны анықталды. Сонымен бірге, іс жүзінде қолданбалы есептер және қазіргі уақытта барлығы дәстүрлі түрде түсінетін мәтіндік есептер тапсырмада ұсынылған жағдайға сәйкес келетін математикалық модель құруды талап етуі үнемі түсінікті бола бермейді.

Біздің ойымызша, мұғалімдер/ЖОО оқытушыларының қолданбалы сипаттағы есептерді шығаруға жеткіліксіз көңіл бөлуінің себептері келесілер болып табылады (7 кесте):

7 кесте - Мұғалімдер/оқытушыларды әдістемелік дайындау мәселелері.

Математика бойынша қолданбалы дайындықтың табыстылығына кедергі келтіретін жоғары оқу орындары

Мектептерде:	Педагогикалық жоғары оқу орындарында:
1	2
1. Мектептегі білім беруге арналған «қолданбалы есептер» терминін түсіндірудің жетілмеуі. Мұғалімдер қандай тапсырма мәтіндік /тәжірибеге бағытталған/қолданбалы деп аталатынын нақты ажырата алмайды;	1. Студенттердің қолданбалы тапсырма, тәжірибеге бағытталған тапсырма, ғылыми және әдістемелік мазмұндағы мәтіндік тапсырма ұғымдарының мәні туралы түсініктері осал болады;
2. Оқулықтар мен оқу құралдарындағы математиканы қолдануға арналған тапсырмалар мен жаттығулардың арнайы таңдалған жүйелерінің санының аздығы;	2. Студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралдарда қолданбалы есептерді және практикаға бағытталған есептерді шешу әдістемесіне іс жүзінде назар аударылмайды;
3. Аталған есептердің шешімін табу үшін бөлінген уақыттың салыстырмалы аз болуы.	3. ББ бағдарламалары студенттерді оқытудың қолданбалы бағытын жүзеге асыру арқылы оқыту үшін арнайы әзірленбеген;
4. Мәтіндік/тәжірибеге бағытталған/қолданбалы есепті шешу	

кезінде әдістемелік тәсілдер жеткілікті қамтылмаған	4. Оқулықтар мен оқу құралдарында математикалық модельдеу элементтерін қолданудың аудиториядан тыс уақытта орындау бойынша алынған ақпаратты талдау және зерттей білу;
5. Математикалық есептерді шығару, қолданбалы/тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды аудиторияда және	5. ЖОО математикалық пәндер курсына математика қосымшасына арналған арнайы есептер мен жаттығулар жүйелерінің жеткіліксіз болуы

Жоғарыда мазмұндалған фактілерге талдау жасау негізінде, осы себептердің барлығы оқытушылар мен мұғалімдердің қолданбалы/тәжірибеге бағытталған есептерді шығаруға теріс қатынасын қалыптастырудың алғышарттары болып табылады деген тұжырым жасауға болады.

Бүгінгі күні математиканы оқытудың қолданбалы бағыты бойынша түйткілді мәселелердің шешімі №8 кестеде берілген.

8 кесте - Математиканы оқытудың қолданбалы бағытын іске асыру

Мектепте:	Педагогикалық ЖОО
1. Мектептерде (жаңа стандарттар, орта білім берудің оқу бағдарламалары) жаңарту жүзеге асырылды. 2. Барлық жалпы білім беру мекемелері жаңартылған оқулықтар мен оқу құралдары бойынша жұмыс атқарады, оқулықтарда қолданбалы тапсырмалар қамтылған.	1. Қазіргі уақытта мектептер мен ЖОО ББ оқу жоспарлары арасында қандай да бір айырмашылықтар бар. 2. «Математика» ББ әзірлеушілері үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының математикалық пәндерін оқытудың қолданбалы бағытына баса назар аудару керек.

Ұзақ жылдар бойы жүргізілген педагогикалық зерттеулер және ЖОО математикалық пәндерді оқытудың тәжірибесі оқытудың қолданбалы бағытын іске асыру мамандарды даярлау сапасын арттыру жолдарының бірі болып табылатынын көрсетеді.

Б.Зиямұхамедов және басқалары оқу әдістемесінде «Қазіргі ғалым үшін ғылымның басқа салаларынан деректер алу қажет. Яғни, ғылымдардың дифференциациясымен қатар олардың интеграциясы да жүзеге сатын болады. Биофизика, бионика, биохимия, математикалық лингвистика және т.б. сияқты пәндердің пайда болуы білімнің әртүрлі салаларынан мәліметтерді біріктіруді талап етеді» деп жазған [89].

Математикадағы қолданбалы есептер математикалық талдау, алгебра, геометрия және физика курстарымен тығыз пәнаралық байланыста болады. Аталған міндеттер студенттердің кеңістіктік және логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамытуда зор рөл атқарып, математикалық түйсіктерін дамытады. «Математика» ББ математикалық пәндер бағдарламасына қолданбалы есептерді кіріктіру математиканың ауқымы кең мәселелерінің шешімін табуға саналы түрде қарауға мүмкіндік береді, ойлау креативтілігін дамытып, білім алушылардың зерттеушілік іскерлігін қалыптастыруға ықпал

етеді. Қолданбалы математикалық есептерді шығарудың тәжірибесі болашақ ұстазға бір мезгілде математикалық-әдістемелік қызмет тәжірибесін алуға мүмкіндік береді, себебі, кәсіби даму және оларға дербестіктің үлкен үлесін беру, мақсатқа жетудің құралдары мен әдістерін тандау еркіндігіне, әртүрлі есептерді шешуге жағдай жасауға бағытталған [90].

Болашақ математика пәнін оқытатын ұстаздарды даярлау баысында қолданбалы есептер шығару мен олардың қолданылуын талдау 21 ғасырда аталған мәселенің маңызы көрсетеді. STEM - білім беру кешенін енгізу педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық пәндерді оқытудың қолданыстағы әдістемелерін жаңғыртуды талап етеді. Қолданбалы есептерді қолданудың кең ауқымы студенттерге сапалы математикалық білім беруге жағдай жасайды. Өз кезегінде студенттер қолданбалы есептерді дайындау және пайдалану әдістемесін меңгеріп, мектеп және колледж білім алушыларының математикалық дайындығының сәйкес деңгейін қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, қолданбалы мәселенің терминологиялық түсіндірмесі кешенді жүйелік тәсілді, осы тұжырымдаманы біріздендіру қажеттілігін және оны математика оқулықтары мен оқулықтарында жаңарту қажеттілігін талап ететіні анық [120].

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау арқылы «қолданбалы бағыттылық», «тәжірибелік бағыттылық», «кәсіби бағыттылық» ұғымдары және олардың өзара байланысы анықталды.

Математиканы оқыту барысында қолданбалы бағыттылықты іске асырудың психологиялық-педагогикалық негіздері қарастысып, бұл ғылым, кәсіптік білім және мектеп арасындағы интегративті байланыстардың өзектілігін арттыруға негіз болады.

Біз: «математиканы оқытудың қолданбалы бағыттылық -бұл айналадағы ақиқатқа және есептерді өз бетінше шығаруға қатысты математикалық білімді трансформациялау форматында білім алушының құзыреттілігін арттыруға бағытталған дидактикалық әдістер мен құралдардың жиынтығы» деген анықтама бердік.

Бұдан әрі математиканы оқытудағы міндеттердің рөлі және оларды оқу процесінде қолдану ерекшеліктері қарастырылатын болады. Қолданбалы бағыттағы есептерді шығару бойынша оқыту әдістемесімен айналысқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасалды. Әдістемелік әдебиеттерде «қолданбалы есеп» терминінің бірнеше анықтамалары берілген, бұл олардың әмбебап түсіндірмесін жасау қажеттілігін ғана көрсетеді.

Терминге келесі тұжырымдама түрінде анықтама бердік: «қолданбалы есеп - бұл ғылымның, техниканың және нақты әлемнің әртүрлі бағыттарында пайда болатын, оны математикаландыратын тапсырмалар».

Оқыту барысында қолданбалы есептерді пайдалану арқылы:


- болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін артады;
- студенттердің дербес танымдық қызметін дамиты;
- қолданбалы есептерді шешу зерттеу құзыреттілігін дамытады;
- математикалық модельдеу элементтерін меңгереді.

Болашақ математика мұғалімдерін оқыту барысында қолданбалы есептерді пайдалануға дайындау мәселелерін талдау негізінде келесі мәселелерді анықтадық:

- Математика ББ бағдарламалары студенттерді оқытудың қолданбалы бағытын іске асыру арқылы оқыту үшін жеткілікті дәрежеге дайын емес;
- қолданбалы есептерді дайындау және шешу әдістемесі дұрыс дайындалмаған;
- ЖОО математикалық пәндер курсына математика қосымшасына арналған арнайы таңдалған есептер мен жаттығулар жүйелері жеткіліксіз;
- оқытудың қолданбалы бағытын жүзеге асыруға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеушілігі.

Болашақ математика мұғалімдерін дайындауды қолданбалы есептерді қолданудың теориясы мен практикасы көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Болашақ математика мұғалімдерін дайында барысында қолданбалы есептерді қолдану көрсетілген қазіргі ғылыми, практикалық және теориялық жұмыстарды талдау ағымдағы жағдайға қатысты жаңа шешімдерді іздеуге жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, қолданбалы математикалық есептерді қолданудың маңыздылығын схемалық түрде ұсынуға болады (17-сурет):



Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, қолданбалы есептерді шығару ауқымды білім беру, оқыту және білім беру әлеуетіне ие деген тұжырым жасауға болады. Оны зерттеу ақыл-ой қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, математиканың қолданбалы аспектісін күшейте алады, пәнге танымдық қызығушылыққа ықпал етеді және сайып келгенде оқушының функционалды

сауаттылығын дамытады. Аталған міндеттерді қазақстандық математикалық білім беру мазмұнына енгізу жаңартылған білім беру мазмұнының маңызды аспектілерінің бірі болып есептеледі, себебі, қазіргі әлемде осындай білімнің рөлі артып келеді.

2 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдеу

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың 2020 жылғы "Қазақстанды цифрландыру-барлық реформаның негізгі элементі" атты Қазақстан халқына Жолдауында ковидтен кейінгі біздің мемлекеттің дамуының басты міндеттері айқындалып жаңа нүктелері айрықшаланған, Президенттің пікірінше, цифрландыру жүргізіліп жатқан барлық реформалардың шешуші факторына айналуға тиіс. Басымдылық берілетін орын Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тиесілі, ол экономиканың өсуін ғана емес, сонымен қатар өндірістік үрдістерді цифрландыруды, қазіргі мемлекеттің ресурстық базасын дамытуға цифрлық технологияларды енгізуді қамтиды [50]. Сондай - ақ, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында елді дамыту бойынша негізгі міндеттер айқындалды, онда Еңбек өнімділігі деңгейін арттыруға және зияткерлік әлеуеттің сапасын арттыруға бағытталған ақпараттық-технологиялық шешімдерді енгізу қажеттілігі нақты көрсетілген. Бүгінгі таңда әлемдік трендтердің бірі адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі болып табылады.

Бір кездері тек информатика пәнін оқыған адамдарға қажет цифрлық дағдылар бүгінгі таңда кез-келген салада қажет: гуманитарлық, мұнай, экономикалық, педагогикалық немесе кез-келген басқа. Ел экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығы үшін құзыреттердің әмбебап жиынтығы, белсенді азаматтық ұстанымы, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлауы бар кадрлар қажет.

Егер біз студенттерді ғылымның жаңа жетістіктері негізінде оқытып, өндіріс процесі арқылы өткізсек, біз кез келген күрделі міндеттерді шеше алатын жоғары білікті мамандарды аламыз. Осылайша еліміздің бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етіледі. Қазақстанда цифрлық технологиялар мен IT-саланың жедел дамуы еліміздің жоғары оқу орындарында оқитын талантты студенттердің инновациялық идеяларына ерекше назар аудару арқылы біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жаратылыстану-техникалық және педагогикалық бағыттағы математика студенттерін оқытуда қолданбалы бағытты жүзеге асырудың негізгі әдістері математикалық модельдеу болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі туралы Н. А. Терешин, Л.М. Фридман және басқа да көптеген ғалымдар жазады. [11], [62]. Берілген әдіс математиканың қолданбалы мүмкіншіліктерінің әмбебаптығын көрсетуге мүмкіндік береді және математикалық процестердің көрінісін кескінделген алгоритмдер түрінде стандарттауға мүмкіндік береді. Олар мазмұны мен табиғаты бойынша әр түрлі болуы мүмкін және қолданбалы есептер мен жаттығуларды бірыңғай математикалық формулалар мен өрнектер түрінде жазуға мүмкіндік береді және шешімнің дәлдігі мен дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Модель (лат. *modulus*-өлшем, үлгі, норма) таным (зерттеу) процесінде түпнұсқа объектіні алмастыратын, осы зерттеу үшін маңызды типтік белгілерді сақтай отырып, осындай материалдық немесе ақыл-ой ұсынылған объектіні түсіндіреді. Модельді құру және пайдалану процесі *модельдеу* деп аталады [63].

Математикалық модель - бұл физикалық немесе дерексіз объект, оның қасиеттері белгілі бір мағынада зерттелетін объектінің қасиеттеріне ұқсас.

А.В. Монгуш математикалық модельге "кейбір математикалық теория тілінде (теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін, функцияларын, векторларын және т. б. қолдана отырып) көрінетін құбылыстар класының жуық сипаттамасы" ретінде анықтама береді [118].

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының студенттерін математикалық модельдеу әдісіне оқыту қажеттілігі байқалады. Бұл математика студенттерінің күрделі математикалық тапсырмаларды жақсы орындайтындығымен, бірақ қолданбалы есептерді қарастыруда қиындықтарға тап болуымен байланысты. Кез-келген қолданбалы есепті шешу процесі толығымен математикалық модельдеуге негізделген. Осыған байланысты болашақ математика мұғалімдерінің қолданбалы есептерді жобалау және шешу қабілеті олардың математикалық модельдеу әдісін меңгеру деңгейіне байланысты. Математикалық модельдеу әдісін меңгерген студенттер кез-келген математикалық есептерді, соның ішінде қолданбалы есептерді сәтті шеше алады.

Математикалық модельдеу көптеген елдерде бастауыш және орта мектеп деңгейінде де, жоғары білім деңгейінде де математика бойынша оқу бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады, мұнда математика басқа пәндер үшін негізгі пән ретінде жиі қолданылады.

